

"Ауыл шаруашылығы және орман ағаштарын дайындайтын тракторлардың, тіркемелер мен машиналардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламентін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 желтоқсандағы N 1295 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 қаңтардағы № 29 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 30.01.2017 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ :**

1. Қоса беріліп отырған "Ауыл шаруашылығы және орман ағаштарын дайындайтын тракторлардың, тіркемелер мен машиналардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламенті бекітілсін.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он екі ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2008 жылғы 30 желтоқсандағы
N 1295 қаулысымен
бекітілген

"Ауыл шаруашылығы және орман ағаштарын дайындайтын тракторлардың, тіркемелер мен машиналардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламенті

1. Қолданылу саласы

1. Осы "Ауыл шаруашылығы және орман ағаштарын дайындайтын тракторлардың, тіркемелер мен машиналардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламенттің (бұдан әрі - Техникалық регламент) талаптары Қазақстан Республикасындағы жасалған және шетелден әкелінетін ауыл және орман шаруашылығына арналған жаңа және жаңғыртылған тракторларға, трактор тіркемелеріне, жартылай тіркемелерге және машиналарға (

бұдан әрі - машиналар) қолданылады. Осы техникалық регламенттің әрекеті қолданылатын машиналардың тізбесі мен Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық қызметі тауар номенклатурасының (бұдан әрі - ҚР СЭҚ ТН) сыныптамасы бойынша оның кодтары осы Техникалық регламентке 1-қосымшада көрсетілген.

2. Осы техникалық регламенттің талаптары Қазақстан Республикасының аумағына кемінде екі ай мерзімге әкелінетін немесе оларды иеліктен айыру мүмкіндігін көздемейтін кедендік режимдерге орналастырылатын машиналарға қолданылмайды.

3. Осы регламенттің қауіпсіздік талаптарын қолдануға қатысты пайдалану процесінде адамдардың өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға машиналар әкелетін қауіптердің тізбесі осы Техникалық регламентке 2-қосымшада көрсетілген.

2. Терминдер мен анықтамалар

4. Осы Техникалық регламентте "Техникалық реттеу туралы" және "Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында қолданылған негізгі терминдер сондай-ақ мынадай терминдер және анықтамалар қолданылады:

аспалы машина - салмағы көлік жағдайында толықтай энергетикалық құралға жалғанатын трактордың немесе энергетикалық құралдың үш нүктелі аспалы жүйесіне бекітілген машина;

болжамды дұрыс қолданбау - машинаны дайындаушы көздемеген, бірақ адам мінез-құлқының жалпы заңдылығы негізінде оңай болжанатын пайдалану;

жаңғыртылған машина - конструкциясына оны жақсарту мақсатында сериялық өндіріс жағдайында өзгеріс енгізілген машина;

жартылай аспалы машина - салмағы көлік жағдайында ішінара тракторға немесе энергетикалық құралға жалғанатын және үлкен бөлігі өз дөңгелегімен жүретін машина. Машина жұмыс жағдайынан көлік жағдайына ауысқан кезде энергетикалық құралға жалғанатын шарнирлік нүкте биіктік бойынша жаңа жағдайға мәжбүрлі түрде ауысады;

жартылай тіркеме машина - салмағы көлік жағдайында ішінара тракторға немесе энергетикалық құралға жалғанатын және үлкен бөлігі өз дөңгелегімен жүретін машина. Машина жұмыс жағдайынан көлік жағдайына ауысқан кезде энергетикалық құралға жалғанатын шарнирлік нүкте биіктік бойынша өз жағдайын өзгертпейді;

К нүктесі - орындықтың бақылау нүктесіне қатысты көрініс параметрлері басталатын нүкте;

қорғаныс қоршауы - физикалық тосқауыл түрінде қорғауды қамтамасыз етуге арнайы арналған машинаның бір бөлігі.

қорғау құрылғысы - жеке қолданылған кезде де қорғауға арналған қоршаумен бірге де қауіпті төмендететін қосымша жабдық (қорғаныс қоршауы болып табылмайтын);

мақсат бойынша қолдану - машинаны сол машинада және (немесе) пайдалану құжаттарында дайындаушы көрсеткен мақсатқа сәйкес пайдалану;

"масса" — электрлі әлеуеті базалық болып қабылданған өткізгіш дене;

монтаждалған машина - трактордың немесе энергетикалық құралдың үш нүктелі аспалы жүйесіне және (немесе) басқа нүктелеріне бекітілген, жинамалы бірліктер қатарында қосымша монтаждалған, салмағы толықтай энергетикалық құралға жалғанатын машина;

мотоблок - ауыспалы аспалы және тіркеме машиналар мен құралдарды жегуге арналған бір білікті шағын трактор;

оператор - машинаны пайдалануға және оған техникалық қызмет көрсетуге жауапты тұлға (тұлғалар);

орындықтың бақылау нүктесі (бұдан әрі - ОБН) - оператордың жұмыс орнының параметрлері басталатын базалық нүкте;

орындықты іліп қоюдың серпінді элементі - тербелісті таратушы орындықты іліп қоятын түйін;

өздігінен жүретін машиналар - ауыл немесе орман шаруашылығында пайдаланылатын, дөңгелекпен немесе шынжыр табанмен жүретін, жұмыс істеу процесі сыртқы энергетика құралдарының көмегінсіз қозғалуды көздейтін, ал энергия көзі қызметін іштен жану қозғалтқышы атқаратын машиналар;

трактордың жартылай тіркемесі - өз дөңгелектері арқылы тік жүктеменің бір бөлігін үстіңгі таянышқа және бір бөлігін сүйреу-тіркеу құрылғысы арқылы тракторға немесе энергетикалық құралға түсіретін өздігінен жүрмейтін көлік құралы;

трактордың тіркемесі - өз дөңгелектері арқылы барлық тік жүктемені үстіңгі таянышқа түсіретін өздігінен жүрмейтін көлік құралы;

тракторлар - дөңгелекпен немесе шынжыр табанмен жүретін, кемінде екі осі бар, жұмыс істеуі негізінен оның сүйреу күшіне байланысты және басты жағдайда сүйреп тарту, итеру, тасымалдау немесе ауыл немесе орман шаруашылығында пайдалануға арналған белгілі бір құрылғыларды, тетіктерді немесе тіркемелерді қозғалысқа келтіру үшін құрастырылған механикалық көлік құралдары;

тіркеме машина - тракторға немесе энергетикалық құралға тіркелетін, салмағы көлік жағдайында оның жүріс жүйесіне жалғанатын машина;

ұтқыр машиналар - тракторлар, өздігінен жүретін машиналар, сондай-ақ оларға жалғанатын тіркемелер, ауыл немесе орман шаруашылығында қолданылатын машиналар немесе құралдар;

шағын механикаландырылған ұтқыр құралдар - ауыл шаруашылығы агрегатын құрайтын шағын тракторлармен және мотоблоктармен агрегатталған аспалы, тіркемелі, жартылай аспалы және жартылай тіркемелі ауыл шаруашылығы машиналары мен құралдары, өздігінен жүретін, қозғалыста жұмыс істейтін және қуаты 25 кВт дейін іштен жану қозғалтқышы бар жанында жүретін оператормен басқарылатын арнайы машиналар мен құралдар;

шағын трактор - қуаты 25 кВт аспайтын қозғалтқышы бар, алаңдарда, мөлдектерде, террасаларда, бақтарда, фермаларда, саябақ және коммуналдық шаруашылықтарда ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы жұмыстарын орындауға арналған трактор;

энергетикалық құрал (бұдан әрі - энергоқұрал) - өздігінен жүрмейтін машиналарды сүйреуге (итеруге) және олардың жұмыс органдарын тартуға арналған қозғалтқыштар, трансмиссиялар мен жылжытқыштар жиынтығы.

3. Машиналарды Қазақстан Республикасының нарығына орналастыру және оларды пайдалануға беру шарттары

5. Машиналарды нарыққа орналастыру немесе пайдалануға берудің қажетті шарты осы Техникалық регламентте белгіленген талаптарға сәйкес келтіру болып табылады.

6. Нарыққа келіп түскен және Қазақстан Республикасына пайдалануға әкелінетін машиналар тұтынушылар пайдалану құжатында белгіленген талаптарды орындаған кезде дайындаушы белгілеген барлық қызмет ету мерзімі ішінде қауіпсіздік талаптарына жауап беруі тиіс.

7. Машиналарды тұтынушыларға:

- 1) машинаның таңбасында және оның негізгі жинамалы бірліктерінде;
- 2) ілеспе құжатта келтірілген толық және дұрыс ақпарат беріледі.

8. Машиналарда мынадай ақпаратты қамтитын таңбалар мен жазбалар жазылуы тиіс:

- 1) машинаның атауы;
- 2) дайындаушының атауы;
- 3) серия, үлгі, модель белгілері;
- 4) сериялық нөмірі;

5) өздігінен жүретін машиналардың паспортында көрсетілген қозғалтқыш нөмірі, рама нөмірі, агрегат нөмірі;

- б) дайындалған күні;

7) операторды жеке қорғау құралдарын пайдаланудың қажеттілігі туралы талаптар;

8) жүк көтеру құралдарын қосуға және домкрат орнатуға арналған орын белгілері;

9) қауіп туралы ескерту белгілері;

10) жұмыс органдары мен қорғау құрылғыларын реттеуге қатысты деректер;

11) өздігінен жүретін машиналар үшін - дөңгелекке түсетін рұқсат етілген жүктеме, остер бойынша салмақтың бөлінуі.

Машиналарға тікелей жазылған ақпарат оның белгіленген қызмет ету мерзімі ішінде оқылатындай болуға тиіс.

Таңбалар, белгілер және ескерту жазбалары түсінікті болуы тиіс. Қозғалтқыштың, рама мен агрегаттың сериялық нөмірлері машинаның үстіңгі жағына қолдан жасауы мен жойылуы қиын тәсілдермен жазылуы тиіс.

Егер таңба шетел тілінде толтырылған жағдайда оның мемлекеттік және орыс тілдеріндегі аудармасы пайдалану құжаттарында келтіріледі.

Машинаның қауіпсіздігіне әсер ететін оның конструкциялық ерекшеліктері туралы операторлар мен қызмет көрсетуші персоналды ескерту немесе ақпараттандыру мақсатында машинаның сыртқы немесе ішкі жағына дайындаушы жазған мәтін мемлекеттік және орыс тілдерінде беріледі.

9. Пайдалану құжаттары мынадай мәліметтерді қамтуы тиіс:

1) машинаның мақсаты туралы;

2) оның техникалық сипаттамалары туралы;

3) машинаның комплектациясы туралы;

4) өздігінен жүретін машинаның паспортында көрсетілген сериялық нөмір мен агрегаттар нөмірлерінің орналасқан жері туралы;

5) құрылғы және жұмыс істеуі туралы;

6) машинаны пайдалануға дайындауға қажетті жұмыстар тізбесі туралы;

7) машиналарды пайдаланудың қауіпсіздік шарттары туралы;

8) әзірлеушілер көздеген қауіпсіздік шараларының қажетті деңгейіне дейін төмендетілмей қалған қатер туралы;

9) техникалық қызмет көрсету кезіндегі міндетті жұмыстардың тізбесі туралы

;

10) ағымдағы жөндеу жүргізу кезіндегі міндетті жұмыстардың тізбесі туралы;

11) қажет болған кезде - жеке қорғану құралдарын қолдану жөніндегі және қызмет көрсетуші персоналды қауіпсіз жұмыс істеуге оқыту жөніндегі нұсқаулықтар;

12) сақтау және консервациялау тәртібі туралы;

13) тасымалдау тәртібі туралы;

14) пайдаланудан шығару және кәдеге жаратуға дайындау туралы;

15) машинаның қабылдау-тапсыру сынақтарын жүргізу және оны пайдалануға жарамды деп тану туралы.

Машиналардың пайдалану құжаттамасы мемлекеттік және орыс тілдерінде толтырылуы тиіс.

Сәйкестікті растау туралы тұтынушыға арналған ақпаратты дайындаушы (жеткізуші, сатушы):

- 1) машинаға жазылатын сәйкестік белгісі;
- 2) Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасына сәйкес сәйкестік сертификаты (көшірмесі) түрінде беруге тиіс.

10. Дайындаушы, уәкілетті өкіл, импорттаушы және тұтынушы машиналардың осы Техникалық регламентте белгіленген қауіпсіздік талаптарына сәйкессіздігін анықтаған сәттен бастап немесе мемлекеттік органның нұсқамасы негізінде дайындау, сату және айналымға шығару процесін тоқтатады.

4. Машиналарды жобалауға қойылатын қауіпсіздік талаптары

11. Машина жасау процесінде адам өмірі мен денсаулығын және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін қауіпсіздік талаптарының машиналарға қолданылуын анықтау мақсатында қатерді бағалауды жүргізу қажет.

12. Белгіленген қауіпсіздік талаптарын орындау дайындаушы көздеген шарттарда машинаны пайдалану кезінде және болжанатын дұрыс қолданбау кезінде тиісті қауіп туындағанда міндетті болып табылады.

13. Машина өзіне жүктелген функцияларды орындайтындай, ал оны пайдалану, баптау мен қызмет етуі кез келген болжамды дұрыс қолданбауды ескере отырып, дайындаушы көздеген шарттарда осы операцияларды орындау кезінде адам мен қоршаған орта үшін қатер тудырмай жүзеге асатындай болып құрастырылуы және дайындалуы тиіс.

14. Машиналар әзірлеу және жасау процесінде нарыққа келіп түсетін машиналардың оларға арналған нормативтік құжаттамалар мен осы Техникалық регламенттің талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету үшін сынақтың барлық қажетті түрінен өтуі тиіс.

5. Машиналарға қол жеткізу құралдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

15. Машина жұмыс орнына және барлық қызмет көрсету орындарына жайлы және қауіпсіз қол жеткізуді қамтамасыз ететіндей етіп құрастырылуы және жасалуы тиіс.

16. Жұмыс орнына және қызмет көрсету орнына қол жеткізу құралы (тұтқалар, сатылар, басқыштар және тағы басқалары) қол жеткізу құралы ретінде машиналардың басқару органдарын пайдаланудың қажеттілігінсіз, оларды операторлардың дұрыс қолдануы айқын болатындай етіп құрастырылуы, жасалуы және орналастырылуы тиіс.

17. Оператордың жұмыс орнына немесе қызмет көрсету орнына қол жеткізу құралын пайдалануы жарақат алу, тайып кету, сүріну және құлау қатерін болдырмайтындай болуы тиіс. Осыған байланысты қол жеткізу құралдары мынадай талаптарға жауап беруге тиіс:

1) үстіңгі тіреулер жазық, көлденең және тайғанауға қарсы болуы тиіс, ал сатылардың конструкциясы қоқыс, балшық, қар және тағы басқаларды жинауды болдырмайтындай болуы тиіс;

2) ілме баспалдақтар (басқыштар) тұтқалармен жабдықталуы тиіс;

3) биіктігі 5м және одан жоғары болатын басқыштарда 3м бастап оператордың құлауын болдырмау үшін қоршау болуы тиіс;

4) баспалдақтар және (немесе) рампалар қанаттармен жабдықталуы тиіс;

5) қол жеткізу құралдарының конструкциясы машинаға берік және сенімді бекітілуі тиіс;

6) қол жеткізу құралдарының параметрлері нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес келуі тиіс.

18. Аралық аспалдақ ретінде машинаның конструктивті элементтерін пайдалануға рұқсат етіледі. Шынжыр табанмен жүретін машиналар үшін тіреу алаңы ретінде шынжырдың үстіңгі тармағын пайдалануға рұқсат етіледі.

6. Машиналардың тежеу жүйелерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

19. Тракторлар, өздігінен жүретін машиналар және оларға жалғанатын тіркемелер мен машиналар жылдамдықты төмендетудің, тежеудің, тоқтаудың және пайдаланудың барлық берілген шарттары кезінде қауіпсіздікке кепілдік беру үшін қозғалыссыз жағдайда ұстап тұрудың тиімділігіне ұсынылатын нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес келуі тиіс.

20. Тежеуіш жүйелер пайдалану құжаттарында көзделген реттемелерді орындау шарттары кезінде регламенттелетін қызмет ету мерзімі ішінде жұмыстың қауіпсіздігін қамтамасыз етуі тиіс.

21. Тежеудің гидравликалық жүйесінде сұйықтық құюға арналған мойындарға қол жеткізу жеңіл болуы тиіс. Бұдан басқа сұйықтық толтыру бағыттары оларды ашпай-ақ сұйықтық деңгейін тексеруге мүмкіндік беретіндей болуы тиіс. Егер осы соңғы шарт орындалмаса, онда қызыл ескерту сигналы

тежеу жүйесінің істен шығуының себебі болатын кез келген сұйықтық қоры деңгейінің төмендеуіне жүргізушінің назарын аударуы тиіс.

22. Энергиялық аккумулятормен жұмыс істейтін тежеу жүйелері жинақталған энергияны пайдаланбай тиімді тежеу мүмкін болмаған жағдайда жүйенің кез келген бөлігіндегі энергия бақылау клапанына дейін түсіп, қауіпті деңгейге дейін төмендегенде дыбыстық немесе көрінетін сигналдар беретін манометрге қосымша ескерту құрылғысымен жабдықталуы тиіс.

23. Дөңгелекті тіркемелер мен машиналарды сүйреуге арналған тракторлар мен өздігінен жүретін машиналарда сол тіркемелер базасында сол тіркемелер мен машиналардың тежеуішін басқару жүйесі болуы тиіс.

24. Трактордың тіркемесінде және жартылай тіркемесінде жұмыс істейтін және тұрақты тежеу жүйесі, сондай-ақ сақтандыру шынжырлары (тросстар) болуы тиіс.

25. Трактор тіркемесінің және жартылай тіркемесінің тежеу жүйелері қозғалыс кезінде тіркеуіштен ажырап қалған жағдайда тіркеменің автоматты түрде тоқтауын қамтамасыз ету тиіс. Бұл талап тіркеуішпен бірге, басты тіркеуіш құрылғы ажырап қалған жағдайда жетектің жерге тиюіне жол бермейтін және тіркемені басқаруды қамтамасыз ететін қосымша тіркеуіші (шынжыр, трос және тағы басқалары) бар тіркемелер жағдайында салмағы 1,5 тоннадан аспайтын тіркемелер мен жартылай тіркемелерге қатысты емес.

26. Қозғалысы жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарында жүзеге асуы мүмкін тіркемеде, жартылай тіркемеде және жартылай аспалы машиналарда жұмыс істейтін және тұрақты тежеу жүйесі болуы тиіс.

Жұмыс істейтін тежеуіштердің конструкциясы энергетикалық құралдан машина апатты ажыраған жағдайда машинаны тежеуді қамтамасыз ету тиіс.

Трактордың тіркемесі немесе жартылай тіркемесі типіндегі машиналарды жұмыс істейтін және тұрақты тежеуіштермен және сақтандыру шынжырымен жабдықтау міндетті болып табылады.

Осы машиналарды пайдалануға салмағы энергетикалық құрал салмағының 50%-нан аспайтын машиналарды, сондай-ақ тек дала жағдайындағы жұмыстарға арналған және жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарына шығуы қарастырылмаған машиналарды тежеуіштермен жабдықтамауға рұқсат етіледі.

7. Машиналардың электрлік қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

27. Электр энергиясымен қозғалысқа келтірілетін машиналар электрге байланысты кез келген қауіптің туындауын болдырмайтындай етіп құрастырылуы, дайындалуы және жабдықталуы тиіс.

Мұндай машиналарға қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған "Төменвольтті жабдықтар қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламентінің талаптары қолданылады.

28. Тракторлар мен өздігінен жүретін машиналарда жалғанатын тіркемелер мен машиналардың электрлік тізбелерін қоректендіруге арналған штепселді ажыраамалар болуы тиіс.

"Массаға" жалғанғандардан басқа электрмен жабдықтаудың ашық клеммаларында резеңке қорғау қалпақшалары болуы тиіс. Сүйір бұрыштар мен жиектер арқылы өтетін орындардағы электр сымдары механикалық зақымданудан қосымша оқшаулануы тиіс.

Электр сымдарын монтаждау және бекіту оның оқшаулануының бұзылуын болдырмауы тиіс.

29. Электрмен жабдықтау жүйесі "массаның" оператордың жұмыс орнынан және кабинадан тыс, көбінесе жер бетінен қосылуын қамтамасыз етуі тиіс.

30. Аккумуляторлы батареялар оларға жанғыш технологиялық өнімдердің ток өткізгіш материалдарының тиюін және газдардың жиналуын болдырмайтын орындарға кабинадан тыс орналастырылады.

Аккумуляторлы батареяларды орналастыруға арналған бөлікте желдеткіш және құрғатқыш тесіктер болуы тиіс.

Аккумуляторлы батареялар қауіпсіз қызмет көрсететіндей етіп орналасқан болуы тиіс (шамамен топырақтың үстінен).

31. Қысқа тұйықталу кезінде энергия көздерін - аккумуляторлы батареялар мен генераторды кабинадан тыс орналасқан автоматты ажыратқыштың көмегімен ажыратудың мүмкіндігі қарастырылған болуы тиіс. Мұндай ажырату қауіпсіздік жүйесіне, мысалы өрт сөндіру жүйесіне әсер етпеуі тиіс.

32. Электр өткізгіштердің оң клеммалары оның "массаға" неғайбыл ток өткізуші заттармен тұйықталуы мүмкін жерлерде оңашаланған материалдармен қорғалуы тиіс. Стартерден, аккумулятор батареясынан және генератордан шығатын клеммалар дәл осылай қорғалуы тиіс.

33. Операторды жоғары кернеулі тізбенің бөліктеріне неғайбыл тиіп кетуден қорғау қамтамасыз етілуі тиіс. Жоғары кернеулі өткізгіш сымдарды от алдыру білтесінен ажырату құрал-сайман қолданбай-ақ жүзеге асырылуы тиіс.

34. Электр сымдары ширатылып жиналуы тиіс. Ширатылмалар мүмкіндігінше қозғалмайтын бөліктерге топталуы және бекітілуі тиіс. Отын бергіш аппаратура элементтерімен (құбыр жолдармен, карбюраторлармен, отын

бағымен), пайдаланылған газды шығару жүйесімен, қозғалмалы бөліктермен, өткір жиектермен түйіспеуі тиіс. Ширатылмалар зақымдалудан және қажалудан қорғалуы тиіс.

35. Жарылу қаупі бар қоспалар, шаңдардың жарылу қаупі бар концентрациялары пайда болуы мүмкін орындарда жұмыс істеуге арналған машиналар жарылыстан қорғалған электржетектермен және электр жабдықтарымен жасақталуы тиіс.

8. Машиналардың шуларға және дірілдер қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

36. Сыртқы шулардың және жұмыс орнындағы шудың деңгейі нормативтік құжаттарда белгіленген мәндерден аспауы керек.

37. Орындықтағы (жұмыс алаңындағы) және басқару органдарындағы дірілдердің параметрі нормативтік құжаттарда белгіленген мәндерден аспауы тиіс.

9. Машиналардың электромагниттік сыйымдылығының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

38. Машиналар электромагниттік сыйымдылық саласындағы нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес болуы тиіс.

10. Зиянды заттардың шығарындылары қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

39. Тракторлар мен өздігінен жүретін машиналарға орнатылған сығылудан оталатын қозғалтқыштардан шығарылатын зиянды заттардың шығарындылары нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес болуы тиіс.

11. Машиналардың тұрақтылығына қойылатын талаптар

40. Машиналар пайдаланудың берілген шарттарын сақтаған кезде тұрақтылығы сақталатындай болып құрастырылуы және дайындалуы тиіс. Машиналар тұрақтылықтың нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Машиналардың тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар пайдалану құжаттарын да жазылуы тиіс.

Стационарлы машиналарды негізде мығым бекітуді қамтамасыз ету үшін жеткізілетін жиынтықта тиісті техникалық құрал көзделуі қажет.

41. Жолмен технологиялық материалды тасымалдауға арналмаған өздігінен жүретін астық жинайтын және басқа да жинағыш машиналар технологиялық ыдыс бос болған кезде нақты моделге арналған нормативтік құжаттарда анықталған бұрыштарда көлденең тұрақтылығын сақтауы тиіс.

42. Салмақ орталығының ығысуына байланысты (оның ішінде технологиялық сұйықтықтардың салмағын қайта тарату және (немесе) дөңгелектер балансының өзгеруі есебінен) қисаю кезінде тұрақтылығын жоғалтуы мүмкін машиналар осындай қауіптерді болдырмауға арналған құралдармен қамтамасыз етілуі тиіс.

43. Өздігінен жүретін машиналар мен тракторлардың басқарылатын дөңгелектеріне түсетін салмақтың мәні нормативтік құжаттарда белгіленген талаптардағы мәннен кем болмауы тиіс.

44. Ағаш артуға арналған манипуляторлармен жабдықталған өздігінен жүретін машиналар барынша тұрақтылықты қамтамасыз ететін құрылғылармен жабдыкталуы тиіс.

Жұмыс істеу режимінде машинаның барынша тұрақтылығын қамтамасыз етуге арналған құрылғылар, мысалы аутригерлер, гидравликалық жүйе істен шыққан жағдайда бір орында ұстап тұра алатын құралдармен жабдыкталуы тиіс.

45. Таулы жерлерде пайдалануға арналған машиналар қауіпті қисаю сигнализациясы құралымен жабдыкталады.

46. Орманға арналған машинаның аударылуының алдын алу үшін лебедканың конструкциясы лебедканың тежеуші жүйесіне тәуелсіз және тез операторға машинаның қауіпті жұмыс режиміне жеткен кезде лебедканы басқару органына тікелей әсер етіп, оның жетегін өшіруге мүмкіндік беруі тиіс.

47. Капоттың конструкциясы немесе көтерілетін қоршаулар көтерілген жағдайда өздігінен түсіп кету мүмкіндігін болдырмауы тиіс.

48. Машинаның жұмыс органдарын көтеру қондырғылары кідіріп қалуы және оларды көліктік қалыпта ұстап тұруы тиіс.

49. Операторды басып қалу қауіпі машинаның жабдықтарымен және (немесе) жұмыс органдарын қызмет көрсету үшін көтеріңкі немесе көліктік жағдайда ұстап тұра алатын механикаландырылған фиксаторлармен шектелуі тиіс. Шанақты өздігінен аударылатын машиналар шанақты көтерілген қалыпқа (бір жаққа немесе артқа) келтіруге арналған тетіктермен жабдыкталуы тиіс.

50. Тіркемелер және жартылай тіркемелер техникалық қызмет көрсету кезінде жүк артылмаған платформаны көтерілген қалыпқа (екі жаққа және артқа немесе егер жанынан жүк түсірілмейтін болса, онда тек қана артқа) келтіруге арналған тетікпен (тіреумен) жабдыкталуы тиіс.

51. Жартылай тіркеме машиналарда тіркеу құрылғысына реттелінетін негіз болуы тиіс.

12. Машиналардың тораптары мен агрегаттарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

52. Машинаның барлық қол жететін бөліктерінде жарақаттардың алдын алу үшін өткір бұрыштар мен шеттер, кедір-бұдырлы беттер болмауы тиіс.

53. Машиналардың кескіш, майдалағыш, мөлшерлегіш және басқа жұмыс органдарына технологиялық материалдардың түсуі қосымша қолмен реттеусіз (тегістеу, престеу, қосымша тиеу және басқалары) механикаландырылған немесе автоматтандырылған түрде берілуі тиіс.

Сусымалы және ыдыссыз жүктерді жинауға және тасымалдауға арналған сыйымдылығы бар машиналар олардың қолмен тегістеусіз артылуын қамтамасыз етуі тиіс.

54. Егер техникалық қызметті орындау кезінде оператордың жұмыс аймағынан технологиялық материалдың қозғалысы мүмкін болса, үйкелуден жарақат алу қаупін болдырмайтын қосымша қорғау құралымен қамтамасыз етілуі тиіс.

55. Технологиялық ыдыстар деңгей өлшеуіштермен немесе толу деңгейін бақылау құрылғысымен жабдықталуы тиіс.

56. Бункерлер, резервуарлар және басқа да технологиялық ыдыстарды оларға қол жеткізбей тазалау мен жуу мүмкіндігі көзделуі тиіс. Сынамаларды іріктеу, толу деңгейін бақылау, бітеліп қалған жерлерді жою технологиялық ыдыстан тыс және қауіпсіз жағдайда жүзеге асырылуы тиіс.

57. Машина қозғалушы бөліктердің кездейсоқ оқшаулануының алдын алатындай етіп құрастырылуы және дайындалуы тиіс. Егер, барлық қауіпсіздік шараларына қарамастан, оқшаулану ықтималдылығы әлі де бар болса, машинаның қозғалмалы және қозғалмайтын бөліктерінің арасында қауіпсіз арақашықты, машинаның қозғалмалы бөліктерін қауіпсіз шешуге арналған арнаулы қорғаныс құралдары мен құралдардың болуын қарастыру қажет.

Технологиялық өнімнің толуы және оралып қалуға шалдыққан машиналардың бөліктері қауіпсіздік пен оларды тазалау қолайлылығын қамтамасыз ететін арнайы құрылғылармен жабдықталуы тиіс. Толып қалған жұмысшы органдарын қолмен тазалаған жағдайда, оларға қауіпсіз қол жеткізу қамтамасыз етілуі тиіс.

Пайдалану құжаттарында, егер де мүмкін болса, машинаның тиісті белгілерінде арнаулы құрылғылар, тетіктер, құрал-сайман және оларды қолдану тәртібі көрсетілген нұсқаулық болуы тиіс.

58. Машинаның қозғалмалы бөліктері қолайсыз жағдайлардың туындауына әкеліп соғуы мүмкін олармен жақындасу қатерін

болдырмайтындай етіп құрастырылуы және дайындалуы тиіс немесе егер катер бар болса, онда арнайы қорғаныс құрылғылары немесе қорғаныс қоршаулары болуы тиіс.

59. Трансмиссияның қозғалмалы элементтерімен байланысты қауіптерден қорғауға бағытталған қорғаныс қоршаулары қозғалмайтын қорғаныс қоршаулары түрінде болуы тиіс.

60. Қозғалмайтын қорғаныс қоршаулары оларды құрал-жабдықтар қолдану кезінде ғана шешіп алу мүмкін болатын бекіту тетіктері көмегімен белгіленуі тиіс.

61. Қорғаныс қоршаулары мен қорғаныс құрылғылары:

- 1) мығым конструкцияға ие болуы тиіс;
- 2) орналасқан жерінде мығым бекітілуі және ашық және жабық жағдайларда тұрақтану құрылғысына ие болуы тиіс;
- 3) технологиялық процестің орындалуына кедергі жасамауы тиіс;
- 4) қауіпті кезден қауіпсіз қашықтықта орналасуы тиіс;

5) және оларды орнықтыру және (немесе) тиісті құралдардың көмегімен алмастыру, сондай-ақ көрсетілген жұмыстарды тікелей атқару аймағында ғана қызмет ету еркіндігін қамтамасыз ете отырып, техникалық қызмет көрсетуді жүргізу мүмкіндігіне ие болуы тиіс және мүмкіндігінше, қорғаныс қоршауларын қайта жөндеуді немесе қорғаныс құрылғыларын ағытуды талап етпеуі тиіс.

Бұдан басқа, қорғаныс қоршаулары қандай да бір заттың шығарылымы мен құлап түсуінен, сондай-ақ машина шығарған зиянды заттар мен қалдықтардың шығарылымынан сақтауды қамтамасыз етуі тиіс.

62. Желдеткіштер, сораптың жетектегі құрылғылары, компрессорлар, генераторлар және тағы басқалары сияқты барлық айналма тораптар персоналдың киімін немесе денесінің бөліктерін белбеу, белбеу-тегермешті немесе осы құрылғылардың басқа да сыртқы айналмалы бөліктерімен қармап түсуінен сақтау үшін қоршаулармен жабылуы тиіс.

63. Егер пайдалану жөніндегі басшылыққа сәйкес жылжымалы

элементтерге, мысалы реттеу немесе техникалық қызмет көрсетуге жеке қол жеткізу қарастырылған болса, онда машинада тұрақты орнатылған, сайман көмегімен (мысалы, ілмек көмегімен) ашылатын және сайманды қолданбай автоматты түрде жабылатын қорғау қоршауы қолданылуы тиіс.

Егер қорғау қоршауының осындай типі қолданылмайтын болса, жылжымалы қорғау құрылғысы қолданылуы тиіс. Олар басқару жүйесіне:

- 1) олар ашық қалған жағдайда машинамен қауіпті әрекеттер мен операциялардың орындалу мүмкіндігін бодырмайтындай;
- 2) олар ашық қалған кезде "тоқта" командасы берілетіндей етіп құрастырылуы және қойылуы тиіс.

64. Егер жылжымалы бөлшектің функционалдық мақсаты қоршауды қолдануға жол бермесе, онда машинаның конструкциясында машина мен жабдықтың қосылуы және қауіпсіздік белгілері туралы ескертетін сигнализациясы болуы тиіс.

Пайдалану құжаттарында қауіпті орындармен жұмыс істеу және қызмет көрсетудің сақтандыру шаралары жазылуы тиіс.

Бұдан басқа, персоналды кездейсоқ байланыста жарақат алу қаупінен қорғау үшін мұндай бөлшектерге жету конструкцияның жылжымайтын элементтері қызмет ете алатын тосқауылдармен шектелуі тиіс. Көрсетілген тосқауылдар немесе конструкцияның қозғалмайтын бөлшектері жылжымалы бөлшектерге дейінгі қауіпсіз аралықты қамтамасыз етуі тиіс.

65. Әлеуетті энергияны жинай алатын серіппелердің, рессорлардың және басқа механикалық құрылғылардың қалып фиксаторы немесе жиналған энергияны босататын құрылғылары болуы тиіс.

66. Кеңістік шектеулілігі персонал үшін оның пайдаланылуы мен қызмет көрсету кезінде жоғары немесе төмен қызудағы машина бөлшектеріне жанасу қаупін тудыратын машиналарда тиісті қоршауларды орнату талап етіледі.

67. Қысым арқылы жұмыс істейтін технологиялық ыдыстар (жабдықтар) "Қысым арқылы жұмыс істейтін жабдықтарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламентінің талаптарына сәйкес болуы тиіс.

68. Жарылыстың немесе жарылудың алдын алу үшін қысым немесе вакуум арқылы жұмыс істейтін технологиялық ыдыстар (жабдықтар) қысымды бақылау құралдарымен және қорғау клапандарымен жабдықталуы тиіс. Қорғау құрылғысын орналастыру сұйықтықты немесе газды қауіпсіз бөлуді қамтамасыз етуі тиіс.

69. Айдамалау жүйесінде көлемді сорғылардың болуы кезінде қорғау клапаны мен манометр көзделуі тиіс.

70. Оператор болуы мүмкін жерлерінде орналасқан 300 мм.-ден асатын мөлшердегі тиеу саңылауларының шешіп алынатын торлы қоршаулары болуы тиіс.

71. Жалғанатын машинаның алғашқы қатты тіреуімен бірге өздігінен жүретін машиналарға (немесе тракторларға) жалғанатын қуаттылықты іріктеудің алынбалы механикалық құрылғылары іс-әрекеті кезінде кез келген жылжымалы бөлшектің өзінің аралығында қорғалатындай етіп құрастырылуы және дайындалуы тиіс.

72. Қуаттылықты іріктеудің алынбалы механикалық құрылғылары жалғанатын өздігінен жүретін машинаның (немесе трактордың) қуаттылықты іріктеу білігі өздігінен жүретін машинаға (немесе тракторға) берік бекітілген

арнайы қорғау қоршауымен не қорғаудың баламалы деңгейін қамтамасыз ететін өзге де керек-жарақпен қорғалуы тиіс.

73. Қуаттылықты іріктеудің алынбалы құрылғыларына қол жеткізуді қамтамасыз етуге арналған қорғаныс қоршауының ашылу мүмкіндігі болуы тиіс. Жоғарыда көрсетілген құрылғыны орнату кезінде машинаның қозғалысы уақытында қорғаныс қоршауының айқартопса білігімен зақымдануына жол берілмеуі үшін қауіпсіз кеңістік қалуы тиіс. Сүйреткіш машина қуатын қабылдау білігі оған тіркелген қорғаныш қабына бекітілуі тиіс.

74. Айналымалы сәттерді шектегіштер немесе озу муфталары айқартопса білігінің әмбебап шарниріне тек жетектегі машина тарапынан бекітіле алады. Қуаттылықты іріктеудің алынбалы механикалық құрылғыларында тиісті түрде жазылған таңбалары болуы тиіс.

75. Жұмыс үшін өздігінен жүретін машиналарды (немесе тракторларды) қуат алу алынбалы механикалық құрылғыларына біріктіруге қажет барлық сүйретілетін машиналарда машиналарды ажырату қажет болған жағдайда олардың жермен немесе қандай да бір машина бөлшектерімен жақындасуы нәтижесінде туындайтын зақымданулардан құрылғының өзін және оның қорғаныс қоршауын сақтайтын жүйе болуы тиіс.

76. Қорғаныс қоршауының сыртқы бөліктері қуат алу алынбалы механикалық құрылғыларымен бір мезгілде айналмайтындай етіп құрылуы, дайындалуы және орналасуы тиіс. Қорғаныс қоршауы айқартопса білігін ішкі шарнир ашаларының ақырына дейін, жоқ дегенде кең бұрышты әмбебап шарнирлер жағдайында сыртқы шарнирдің (немесе шарнирдің) ортасына дейін жабуы тиіс.

77. Егер машинада жұмыс орындарына қол жеткізу құралдары қуат алу алынбалы механикалық құрылғыларына жақын орналасса, онда конструкцияның өзінде көзделген жағдайды қоспағанда, айқартопса білігінің қорғау қоршауын саты ретінде пайдалану мүмкіндігін болдырмайтындай етіп құрастырылуы және дайындалуы тиіс.

78. Отын багтары жұмыс қысымынан екі есе артық қысым кезінде, бірақ кез келген жағдайда кемінде $0,3-10^5$ Па дайындаушы жылысуға жүргізген сынақты қанағаттандыруы тиіс. Жұмыс қысымынан асатын кез келген артық қысым немесе кез келген қысым тиісті құрылғылармен (ауа, қорғау клапаны және тағы басқалары) автоматты түрде теңелтілуі тиіс.

Отын багының ауа клапандарының конструкциясы өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуі тиіс. Отын багының қақпағы арқылы немесе бак толық төңкеріліп жатқан жағдайда да, артық қысымды теңелтуге арналған құрылғылар арқылы ақпауы тиіс (тамшылауына рұқсат етіледі).

79. Машинаның гидравликалық жүйесінің түтікшелеріне төрт есе жұмыс қысымына төзуі бойынша сыналғаны туралы сертификат берілген болуы тиіс.

80. Гидроцилиндрлер немесе гидроцилиндрлердің түтікшелері тұйықтау құрылғыларымен жарақталуы тиіс және пайдалану құжатында тұйықтау құрылғысын қолдану бойынша арнайы нұсқаулық келтірілуі тиіс.

81. Түтікшелер және гидравликалық құрылғылар элементтерінің конструкциясы отынның, улыхимикаттардың, майлайтын, салқындататын және басқа технологиялық сұйықтықтардың тамшылауын болдырмауы тиіс.

82. Түтікшелер, қосылу элементтерінің ыдысы және саңылаусыздандыратын төсемдер өздері арналған технологиялық

сұйықтықтардың, сондай-ақ санитарлық өңдеу құралдары мен температуралық режимдердің әсеріне тұрақты болуы тиіс.

83. Шаңдатқыш технологиялық материалдарды тасымалдауға, араластыруға және таратуға арналған машиналарда шаң бөлінуді болдырмайтын құрылғылар немесе құралдар болуы тиіс.

Машиналардың конструкциясы жұмыс аймағын ластамайтын тәсілмен технологиялық материалдар мен сұйықтықтарды құюды және тиеуді жүргізуге мүмкіндік беруі тиіс.

Ерітінділермен химиялық өңдеуге арналған технологиялық материалдар ерітінділердің шашырауын болдырмайтын тәсілмен берілуі тиіс.

13. Машиналардың шолу мүмкіндігі мен жарықтандырылуына қойылатын қауіпсіздік талаптары

84. Оператор орнынан шолу мүмкіндігі машинаны және оның құрал-саймандарын мақсат бойынша қолдану кезінде оператордың және қауіпті аймақтардағы адамдардың толық қауіпсіздігін қамтамасыз етуі тиіс.

85. Машиналардың конструкциясы жұмыс орнынан мыналар үшін қажетті шолу мүмкіндігі аймағында және бақылау объектілерінде кеңістіктің көрінуін қамтамасыз етуі тиіс:

1) машина мақсатына тәуелді технологиялық дайындаушымен көзделген операцияларды орындау;

2) жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдары бойынша жүруді қосқанда (егер машина осы мақсатқа арналған болса) көліктік жағдайда қауіпсіз қозғалысты қамтамасыз ету.

86. Қажет болған жағдайда шолу мүмкіндігі деңгейінің жеткіліксіздігінен туындаған қауіпті жою үшін талап етілетін құралдармен қамтамасыз етілген болуы тиіс.

87. Машиналар конструкциясы оператордың жұмыс орнынан жұмыста отыру жағдайында мынадай бақылау объектілерінің:

1) жүргізудің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті қозғалыстың нысаналарының және бағдарларының;

2) технологиялық процесс ағымында көзбен шолып бақылауды талап ететін жұмыс органдарының;

3) көлік құралына технологиялық өнімді тиеу аймағының;

4) агрегатталатын машиналармен және жабдықтармен асу және тіркеу үшін қызмет ететін тракторлар мен машиналардың конструкциялық элементтерінің. Егер өздігінен жүретін машиналардың аспалары мен басқа да органдары үшін конструкция элементтерінің көрінуін қамтамасыз ету мүмкін болмаса, онда асуды орындауды қамтамасыз ететін нысаналар немесе құрылғылар қарастырылады;

5) ауыл шаруашылығы тракторлары мен өздігінен жүретін машиналардың, оның ішінде маркерлердің, оларды басқару үшін қажетті габариттік нүктелерінің көрінуін қамтамасыз етуі тиіс.

88. Тракторлар мен өздігінен жүретін машиналар шолу мүмкіндігінің параметрлері нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес болуы тиіс.

89. Тракторлар мен өздігінен жүретін машиналар оператордың технологиялық операцияларды толық көлемде қауіпсіз орындауы, сондай-ақ көлік жағдайында машина қозғалысын басқару мақсатында кеңістік пен бақылау объектілерінің барлық көрсетілген учаскелерін тәуліктің қараңғы уақытында жарықтандыруға мүмкіндік беретін сыртқы жарықтандыру жүйесімен жабдықтылуы тиіс.

90. Тракторлар мен өздігінен жүретін машиналар фаралармен жабдықтылуы тиіс. Тракторлар үшін фаралар саны екі алдыңғы және екі артқыдан кем емес. Өздігінен жүретін машиналар мен шағын тракторлар үшін фаралар саны - нақты машина моделінің нормативтік құжаттары бойынша болады.

91. Ауыл шаруашылығы тракторларында көліктік және жұмыстық, ал өздігінен жүретін машиналарда - жұмыстық немесе көліктік және жұмыстық сыртқы жарықтандыру жүйесі болуы тиіс. Көрсетілген жарықтандыру жүйелері тәуелсіз қосылуы тиіс. Жұмыстық жарықтандыру жүйесі технологиялық операцияларды орындауда егістік учаскесінің, ал көліктік - жолдың жарықтандырылуын қамтамасыз етуі тиіс.

92. Жұмыс фаралары операторға олардың жарығы артқы көрініс айнасына шағылысу есебінен және тракторлар мен өздігінен жүретін машиналардың басқа жарық шашыратқыш бетінен тікелей немесе жанама кедергі келтірмейтіндей етіп орнатылады.

93. Ағаш дайындайтын тракторлар мен машиналар фаралары механикалық бұзылудан қорғалған болуы тиіс.

94. Машиналардың жарықтандыру жүйесімен жасалатын жұмыс аймағының жарықтандыру параметрлері нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес болуы тиіс.

95. Жалпы көлік ағымында жүре алатын дөңгелекті машиналар кабинасы артын көрсететін сол және оң жақ сыртқы айналарымен жабдықталады. Өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы машиналары кабинасы тек артқы көріністі қамтамасыз ететін сол жақ айнасымен жабдықталады. Қалған машиналар кабинасы артын көрсететін айналармен жабдықталады.

96. Энергетикалық құралдармен агрегаттауға арналған машиналардың конструкция элементтері оператордың жұмыс орнынан шолу үнемі бақыланатын объектілерді шектемеуі тиіс.

97. Машиналардың шолу мүмкіншілігі параметрлерінің базалық нүктесі К нүктесі болып табылады. К шолу мүмкіншілігі параметрі басталатын нүктенің орналасуы сынақ әдісіне арналған қолданыстағы нормативтік құжатқа сәйкес анықталады.

14. Жұмыс орындарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

98. Оператордың жұмыс орны берілген пайдалану шарттарына байланысты оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және барлық болжамды қауіптерден қорғауға қызмет етуі тиіс.

99. Оператордың жұмыс орны оны шартты туындайтын немесе зиянды заттарды (шығарындылар) қолданған кезде сонымен қатар қолайсыз ауа-райы жағдайларынан қорғайтындай етіп құрастырылуы тиіс.

100. Егер ұтқыр машиналарды пайдаланудың берілген жағдайында оның ішінде отырған операторға немесе басқа тұлғаға, оның аударылуына және (немесе) оған заттың құлауына қауіп-қатер бар болса, онда оператордың жұмыс орны қорғау құрылғысымен жабдықталуы тиіс. Осы құрылғы машинаның ішінде отырған адамға (адамдарға) аударылудан және (немесе) заттың құлауынан зақымдануын шектеудің тиісті мөлшерін қамтамасыз етуі тиіс.

101. Орманға арналған тракторлар мен өздігінен жүретін машиналар машинаның ішіндегі адамға (адамдарға) аударылу кезінде де, заттың құлауы кезінде де зақымдануды шектеудің тиісті мөлшерін қамтамасыз ететін қорғау құрылғысымен жабдықталуы тиіс.

102. Ауыл шаруашылығы тракторлары машинаның ішінде отырған адамға { адамдарға) аударылуы кезінде зақымдануды шектеудің тиісті мөлшерін қамтамасыз ететін қорғау құрылғысымен жабдықталуы тиіс.

Шағын тракторлар аударылу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ететін қорғау кабиналарымен немесе қауіпсіздік тіректерімен (доғаларымен) жабдыкталуы тиіс.

103. Орманға арналған тракторлар мен машиналардың операторлары жұмыс орнына жас шыбықтардың, ағаш бұтақтарының және үзілген сүйреу арқанының кіруімен байланысты қауіптерден, сондай-ақ үзілген ара шынжырымен, олардың буындарымен немесе машинаның басқа ақаулы бөлшектерінен туындайтын қауіптерден беріктігі жоғары әйнектермен немесе жеңіл шығарылатын қорғау қоршауымен қорғалуы тиіс.

104. Қажет жағдайда ұтқыр машиналардағы оператордың жұмыс орны оларды топырақ пен балшықтың лақтырылуынан қорғайтын қоршаулармен жабдыкталуы тиіс.

105. Мақсатты жағдайда ауыл шаруашылығы тракторлары мен өздігінен жүретін машиналардағы оператордың жұмыс орны жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес құрастырылған, дайындалған және жабдыкталған кабинамен жабдыкталуы тиіс.

Орманға арналған тракторлар мен өздігінен жүретін машиналар кабинамен жабдыкталуы тиіс.

106. Өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы машиналарында кемінде екі, ал басқа машиналарда кемінде үш авариялық шығыс болуы тиіс, оларға есік, терезе, люктер қызмет ете алады. Авариялық шығыс кабинаның әр түрлі жағында (кабырғасында, төбесінде) орналасуы тиіс. Авариялық люктардың ең аз көлемі олардың көлденең қиылатын жерінде 640 және 440 мм. басты осьпен эллипс жазылатындай болуы тиіс. Авариялық шығыстар құрал-саймандардың көмегінсіз ашылуы тиіс. Егер шынылы терезелер авариялық шығыс болып табылатын болса, онда кабинада авариялық жағдайда авариялық шығыс әйнегін сындыруға және шығаруға болатын құрал болуы тиіс.

107. Егер жұмыс орны кабинамен жабдыкталған болса, онда оның ішіндегі шаңдардың шоғырлануы мен көміртегінің тотығуы нормативтік құжаттарда белгіленген нормалардан аспауы тиіс.

108. Ұтқыр машинада кабина болмаған жағдайда операторды атмосфералық жауын-шашыннан және тура күн сәулесінен қорғау қамтамасыз етілуі тиіс.

109. Егер жұмыс орны кабинамен жабдыкталған болса, онда ол нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес жылдың суық және жылы уақытында кабинаның ішінен микроклимат параметрлерін қамтамасыз ететін микроклиматтың тұрақтандыру құрылғысымен жабдыкталуы тиіс.

110. Машиналардың кабинасы ауа ағысының бағытын және қозғалыс жылдамдығын реттеуге арналған құрылғылармен жабдыкталуы тиіс.

111. Өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы машиналарының кабинасы алдыңғы, ал басқа машиналар - алдыңғы және артқы әйнек тазалағыштарымен жабдықталуы тиіс.

Әйнек тазалағыштардың саны нақты машиналарға арналған нормативтік құжаттарда белгіленуі тиіс.

Әйнек тазалағыштар машинаның қозғалтқыш пен қозғалыс жылдамдығының жұмыс тәртібіне тәуелсіз жұмыс істеуі тиіс.

112. Ауыл шаруашылығы дөңгелекті тракторларының, сондай-ақ барлық орман ағаштарын дайындайтын тракторлардың және өздігінен жүретін машиналардың кабинасы алдыңғы әйнек жуғышпен жарақтандырылуы тиіс.

113. Машиналардың кабинасы алдыңғы әйнектердің әйнек тазалағышпен тазаланатын аймағында булану мен мұздануды жою құрылғыларымен жабдықталуы тиіс. Орман ағаштарын дайындайтын тракторлардың және өздігінен жүретін машиналардың кабинасы үшін артқы әйнекті үрлеу ескерілуі тиіс.

114. Кабиналар дербес қосылатын ішкі жарықтандыру жүйесімен жабдықталуы тиіс. Ішкі жарықтандыру жүйесімен құрылатын жарықтандыру параметрлері басқару пульті және құралдар панелі деңгейінде нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес болуы тиіс.

115. Машиналардың кабинасы оператордың бетіне тура түсетін күн сәулелерінен қорғайтын құрылғымен жабдықталуы тиіс.

116. Машина кабинасындағы бақылау құралдарында шағыстыруды болдырмайтын көмескі жарық болуы тиіс.

117. Отын және басқа да сұйықтықтар үшін құю аузы оператор кабинасынан тыс жерде орналастырылуы тиіс. Олардың конструкциясы, саңылаусыздығы және орналасуы кабинаға сұйықтықтың ену мүмкіндігін болдырмайтындай болуы тиіс. Бактар оларды ашу алдында немесе ашу сәтінде ішкі қысымның қауіпсіз шығуына арналған құрылғымен жабдықталуы тиіс.

118. Қысымда тұрған құбыржолшектері және басқа да элементтер жарылған жағдайда сұйықтық жұмыс орнында отырған операторға тура түспейтіндей орнатылуы немесе қорғалуы тиіс.

119. Конструкцияда көзделген жұмыс орнындағы металл және металл емес материалдардың жиектері мен бұрыштары операторды жаралаудың алдын алу үшін дөңгелектенген болуы тиіс.

120. Кабинада алғашқы медициналық көмек көрсетудегі дәрі-дәрмек қобдишасы үшін орын, ауыз суы бар ыдысты, жеке қорғау құралдарын, сыртқы киімді бекіту үшін орындар көзделуі тиіс. Кабинада қажет болғанда құрал-саймандар, радиотелефон, пайдалану жөніндегі басшылық, тамақ өнімі бар ыдыс үшін орындар көзделуі тиіс.

Жұмыс орны кабинамен жабдықталмаған тракторлар мен өздігінен жүретін машиналарда алғашқы медициналық көмек көрсетудің дәрі-дәрмек қобдишасын сақтауға арналған орын көзделуі тиіс.

121. Мақсат бойынша машинаны қолдану жағдайында қолайсыздық, шаршағыштық, физикалық қалжырау, сондай-ақ оператордың психологиялық стресі барынша азайтылуға тиіс. Осы мақсаттарда жұмыс орнының конструкциясы мынадай:

1) әр түрлі физикалық тұлғадағы, күштегі және шыдамдылықтағы операторлардың жұмысын көздеуі;

2) оператордың қозғалысы үшін қажетті кеңістікті қамтамасыз ететіндей болуы тиіс.

122. Оператордың жұмыс орны оператордың өз орындығында толық қауіпсіздікте машинаны басқару үшін оған барлық көзделген әрекеттерді іске асыруға мүмкіндік беретін, жұмыс орнында жылжымайтын элементтер арасындағы кеңістік аз болатындай құрастырылуы және дайындалуы тиіс.

123. Кабинаның есік ойығының мөлшері және орындықтан жұмыс орнындағы жылжымайтын элементтерге дейінгі кеңістік операторға орындыққа қауіпсіз жетуді қамтамасыз етуі тиіс. Орындыққа өту оған жету процесінде операторды жаралайтын заттардан бос болуы тиіс.

124. Жұмыс орнындағы жылжымайтын элементтердің арасындағы ең аз кеңістік, кабинаның есік ойығының мөлшері және орындықтан жұмыс орнының жылжымайтын элементтеріне дейінгі кеңістік нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес болуы тиіс.

125. Егер машина кабинасында басқару басқыштары көзделмесе, онда кабинаның еденінде еңкейтілген тіректер немесе аяқ үшін жылуды аз өткізетін материалдан жабылған тіреу алаңы болуы тиіс. Еңкейтілген тіректер оператордың аяғына орнықты әрі ыңғайлы қалыпты қамтамасыз етуі тиіс.

126. Оператордың жұмыс орны бар ұтқыр машиналар операторға машинаны басқару үшін ыңғайлы күйде отыра алуға мүмкіндік беретін, сондай-ақ оның толық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін орындықпен жабдықталуы тиіс.

127. Орындық құрылымы операторды соққы мен дірілден қорғауды қамтамасыз етуі, сондай-ақ пайдаланудың барлық берілген шарттарында оның орнықтылығы мен тұрақтылығын қамтамасыз етуі тиіс.

128. Оператор орындық арқасының және орындықтың басқару органдарына дейінгі аралықтың тік және бойлық қалпын қосымша құралдардың көмегімен өзгерту мүмкіндігіне ие болуы тиіс. Орындықтан жұмыс орнындағы жылжымайтын элементтерге және орындықты реттеу тұтқаларына дейінгі аралық қолды қысып қалмайтындай болуы тиіс.

129. Орындықты бекіту оларға келетін барлық салмақты ұстауы тиіс, ал орындықты іліп қоюдың серпінді элементі оператордың салмағына тәуелді болатын іліп қоюдың серпінділігін реттеу мүмкіндігіне ие болуы тиіс.

130. Орындықтың мөлшері, арқасын реттеу ауқымы және орындықтың тігінен және бойлық қалпы нормативтік құжаттарда белгіленген талапқа сәйкес болуы тиіс.

131. Аударылу кезінде зақымданудың шектеу аймағын сақтауды қамтамасыз ететін қорғау құралымен жабдықталған машинадағы орындық нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес қауіпсіздік белдіктерін бекітуге арналған құрылғылармен жабдықталуы тиіс.

132. Орман шаруашылығында қолданылатын барлық тракторлар мен өздігінен жүретін машиналар нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес қауіпсіздік белдігі жүйесімен жабдықталуы тиіс.

133. Басқарудың реверсивті бекеті бар жұмыс орындары үшін оның жұмыс жағдайындағы тіркеумен қоса орындықтың 180° С-қа бұрылуы қамтамасыз етіледі.

134. Жұмыс кеңістігі өте аз және кабина мөлшері бойынша басқарудың реверсивті бекеті бар тракторлар мен өздігінен жүретін машиналар машинаның нақты моделіне арналған нормативтік құжаттарға сәйкес болуы тиіс.

135. ОБН жұмыс орны мен оның элементтері параметрінің базалық нүктесі болып табылады. ОБН сынақ әдісіне арналған қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес анықталады.

15. Машиналардың басқару жүйелері мен органдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

136. Басқару жүйесі қауіпті жағдайлардың туындауын болдырмайтындай етіп құрастырылуы және дайындалуы тиіс.

Басқару жүйесі:

1) қауіпті шаманың технологиялық процесі параметрлеріне жеткенде және артық тиелгенде сигнал белгісін беруді және тоқтатуды;

2) машинаның жеке элементтерінің немесе құрылғыларының жұмысы сынуынан тоқтағаннан кейін қайта іске қосылуын болдырмауды қамтамасыз етуі тиіс.

Басқару жүйесі:

1) болжанған өндірістік салмаққа және сыртқы факторлардың әсеріне төзімді;

2) басқару жүйесінің техникалық немесе бағдарламалық қамтамасыз етуі бұзылғанда қауіпті жағдайлардың тууына әкеліп соқтырмайтын;

3) басқару жүйесі логикасындағы қателіктер қауіпті жағдайлардың тууына әкеліп соқтырмайтын;

4) жұмыс процесіндегі адамдардың болжанған қателіктері қауіпті жағдайлардың тууына әкеліп соқтырмайтын болып құрастырылуы және дайындалуы тиіс.

137. Машинаны және оның жұмыс органдарын іске қосу осы мақсатқа арнайы тағайындалған басқару органына әдейі әсер ету нәтижесінде жүзеге асырылуы тиіс. Осы талаптар тоқтату себептеріне қарамастан, машинаны тоқтатқаннан кейін қайта іске қосу үшін қолданылады.

Басқару жүйесі машинаның және оның жұмыс органының кенеттен қосылу мүмкіндігін болдырмауы тиіс.

138. Егер машинаның жылжымалы бөлігі тоқтатылған болса, онда барлық жағдайда (басқару органын іске қосу жағдайын алып тастағанда) ол қабылдаған позициядан кез-келген ауытқу шектелуі немесе қауіп тудыруға байланысты болмауы тиіс.

139. Егер қауіпті жағдайлардың тууына әкеліп соғуы мүмкін болса, онда машина параметрінің бақыланбайтын өзгертілуіне жол берілмейді.

140. Оператордың жұмыс орнында барлық басқару операцияларын дұрыс бірізді жүргізу туралы қажетті ақпараты бар жазбалар, схемалар және басқа құралдар болуы тиіс.

141. Егер машинаның басқару жүйесінде машинаны немесе оның бөлек бөлшегін іске қосуды жүзеге асыратын бірнеше басқару органы бар болса және оларды қолдану тәртібін бұзу қауіпті жағдайлардың тууына әкеліп соғатын болса, онда басқару жүйесі машинаның кездейсоқ қосылуын және жүйеленбей жабдықталуын болдырмайтын сигнал құрылғысы және тұйықталуды қамтуы тиіс.

142. Басқару жүйесінде машинаның және оның бөлшегі қызметінің режимін ауыстырып қосқыш бар болғанда, ауыстырып қосқыштың әрбір қалпы тек бір ғана режимге сәйкес болуы, ал ауыстырып қосқыштың өзі осы қалыптардың әрқайсысында бекітілуі тиіс.

143. Автоматтандырылған басқару жүйесі бар орманға арналған машиналарда оператор жұмыс орнынан кеткен кезде манипуляторға, ағаш дайындайтын (кұлату, бұтақкескіш, бұталау) жабдықтарға немесе басқа жабдықтарға энергия беру жүйесін автоматты түрде тоқтатуға немесе бейтараптандыруға арналған құрылғы көзделуі тиіс.

144. Басқару жүйесінде егер мұндай бұзылулар қауіпті жағдайлардың тууына әкеліп соғуы мүмкін болса, машинаның толық немесе оның бөлек бөлшегі қызметінің бұзылуы туралы ескертетін сигнализация мен ақпараттың қажетті құралдары болуы тиіс.

145. Бір технологиялық процесті орындайтын және технологиялық комплексті құрайтын машиналардың бірнеше бірлігін басқару жүйесі технологиялық комплекстің барлық бірліктері бірге жұмыс істеу нәтижесінде, сондай-ақ оның қандай да бір бірлігінің қатардан шығып қалу жағдайында қауіптің туындауын болдырмауы тиіс.

146. Оператордың жұмыс орны бар және қашықтықтан басқарылатын машиналарда операторларды жұмыс органдарының жұмыс істеуі, бункердің немесе басқа да жинағыштардың толуы туралы ақпараттандыруға арналған дыбыстық және жарық сигнализациясы, көлік құралының жүргізушісіне арналған жүк түсіру құрылғысында көрсеткіш болуы тиіс.

147. Орманға арналған машиналарда операторды автоматтандырылған жүйе бейтарап жағдайда тұрмауы немесе тұрақта тежеу жүйесі қосылмағандығы туралы оператор жұмыс орнынан кеткенше ескертетін дыбыстық немесе визуалдық құрылғылар көзделуі қажет.

148. Машинаға энергия беру режимдерінің үзілуі, қалпына келуі және кез-келген басқа ауытқулар қауіпті жағдайлардың тууына әкеліп соқпауы тиіс.

Машинаның басқару жүйесі машинаға энергия беру режимдерінің үзілуі, қалпына келуі және кез-келген басқа ауытқуларында мыналарға:

- 1) машинаның кенеттен іске қосылуына;
- 2) егер бұл қауіпті жағдайлардың тууына әкеліп соғуы мүмкін болса, машина параметрінің бақыланбайтын өзгеруіне;
- 3) машинаның жылжымалы бөлігі мен бөлшегінің шығып кетуіне немесе құлауына;
- 4) беріліп қойған тоқтату командасының орындалмауына;
- 5) қорғау құрылғыларының тиімділік деңгейін, не қауіпті жылжымалы бөлшектердің тоқтауын қамтамасыз етуді азайтуға жол бермейтіндей жобаланған және дайындалған болуы тиіс.

Машинаның басқару жүйесі энергиямен жабдықтау үзілгенде жылжымалы бөліктер мен бөлшектердің автоматты немесе қолмен тоқталуына бөгет жасамауы тиіс.

149. Машина нақты немесе ықтимал қауіпті ескертетін авариялық тоқтаудың бір немесе бірнеше құрылғысымен жаратқандырылуы тиіс.

Осы құрылғы мынадай болуы:

- 1) анық ажыратылатын, жақсы көрінетін және оңай қол жеткізетін басқару органының болуы;
- 2) қосымша қатер тудырмай қауіпті процесті барынша тез тоқтатуы;
- 3) іске қосу немесе қажет болғанда қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша тиісті әрекеттерді орындауға мүмкіндік беруі тиіс.

Авариялық тоқтатудан басқару органын іске қосу кезінде "тоқта" командасы берілсе, берілген команданы орындау оның мәжбүрлеп жою сәтіне дейін тұйықтау арқылы ұсталуы тиіс. Тұйықтаудың "тоқта" командасынсыз өздігінен болмауы маңызды; тұйықталуды ашу тиісті әрекеттер қатарын орындау нәтижесінде ғана мүмкін болуы тиіс; тұйықталуды ашу машинаны қайта іске қосылуына жол бермеуі тиіс, ол оның қайта іске қосылуына мүмкіндік беруі тиіс.

Авариялық тоқтатуды орындау жұмыс тәртібіне қарамастан кез-келген сәтте мүмкін болуы тиіс.

Авариялық тоқтату құрылғылары қауіпсіздікті қамтамасыз етудің басқа шараларына қатысты оларды алмастыру емес, қосымша сипат алуы тиіс.

150. Басқару органдары:

- 1) оңай қол жететін;
- 2) оператордың әдейі емес әрекетінің нәтижесінде қауіпті жағдай туындағанда олардың кездейсоқ қайта қосылуы мен істен шығуының кез-келген мүмкіндігін болдырмайтындай;
- 3) операторды жарақат алу қатерін болдырмайтындай;
- 4) оператор тарапынан кез-келген күдікті болдырмау және шектен тыс күш қолдануды талап етпей-ақ оларды тез жұмыс істеуге келтіруді қамтамасыз ететіндей болып құрастырылуы және орналасуы тиіс.

151. Басқару органдарының мөлшері, олардың арасындағы қашықтық және орын ауыстыруға қарсы тұрудың ең жоғарғы күші нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес болуы тиіс.

152. Басқару органдарын құрастыру және дайындау өздігінен қосылу немесе жұмыс органының берілістері мен жетектерінің ажырауын болдырмауы тиіс.

153. Басқару органдары тек машина іске қосылғаннан кейін ғана қозғалысқа келе алады. Машинаның немесе оның жұмыс органының өздігінен қозғалуын болдырмау үшін басқару органының және олардың тұрақтан босатылу жүйесінің қосылуына кедергі келтіретін құрал көзделуі тиіс. Бұл оталдыру кілті, басты ауыстырып қосқыштар немесе құлпы бар құрылғылар сияқты тұйықтау құрылғылары болуы мүмкін. Жабылатын кабиналар кабинаның ішінде орналасқан басқару органдары немесе жүйелері үшін қолайлы қорғаныс болуы мүмкін.

154. Басқару органы анық көрінуі және оңай ажыратылуы тиіс. Басқару органының қызметтік мақсатын белгілеу үшін нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес символдар қолданылады. Тетіктер, құрылғылар және құралдарда белгіленген машинаның жұмысы мен белгіленген ерекшелігін айқындайтын міндетті талаптармен бекітілмеген қосымша символдарды қолдануға жол беріледі.

155. Қолмен басқару органдарының негізгі (көп қолданылатын)

тұтқалары, сондай-ақ негізгі (көп қолданылатын) басқыштар қолайлы аймақта орналасуы тиіс. Қолмен басқару органдарының көмекші тұтқалары, сондай-ақ көмекші басқыштары әр түрлі бойдағы операторлардың барлық жұмыс қалпында қол жететін болуы тиіс, бұл ретте оператордың алға және жан-жағына бұрылу және еңкею мүмкіндігіне жол беріледі.

156. Орман жүк тиеугішінің екі иінтіректі басқару органының орнын ауыстыру тәртібі нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес болуы тиіс.

157. Басқару органдарының тұтқасы оператор оларды жіберген кезде бейтарап жағдайына автоматты түрде қайтуы тиіс. Осы талап ерекше талаптарды орындау үшін олардың тоқтау қалпы қажет болған кезде орын ауыстыратын басқару органына немесе басқа органдарға қатысты емес.

158. Автомобильге конструкциясы бойынша (ілініспелер басқышы сол жақта, тежеуіш ортасында және газ басқышы оң жағында болғанда) ұқсас машиналарда машинаның басқыштары ұқсас түрде орналастырылуы тиіс.

159. Көлденең жазықтыққа қатысты руль дөңгелегі жазықтығының орналасу бұрыштары нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес болуы тиіс.

160. Руль дөңгелегінің құрылымы көлденең жазықтық пен биіктігіне (бағаналар бойымен) қатысты еңкіштігін реттеуді қамтамасыз етуі тиіс. Реттеу сатылы болмауы тиіс. Реттеу сатылы жүргізілуі де мүмкін, алайда мұндай жағдайда тіркеу саны нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес болуы тиіс.

Реттеу ауқымдары және тіркеу сандары сатылы реттеуде нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес болуы тиіс.

161. Жұмыс істейтін қозғалтқыш кезінде руль дөңгелегінің люфті нормативтік құжаттарда белгіленген талаптардағы мәннен аспауы тиіс.

162. Рульдік басқару конструкциясы күшейткіштер қатардан шығып қалу жағдайында да қозғалысты басқаруды қамтамасыз етуі тиіс.

163. Басқарудың реверсивті бекеті бар ауыл шаруашылығы машиналары үшін негізгі және көмекші басқару органдарының орналасуы машинаның нақты моделінің нормативтік құжаттарына сәйкес болуы тиіс.

164. Тракторлар мен өздігінен жүретін машиналардың қозғалтқышын іске қосу оператордың жұмыс орнында іске асырылуы тиіс. Қозғалтқышты іске қосу жүйесі өртке қауіпсіз болуы тиіс.

165. Трактордың, энергетикалық құралдың және өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы машинасының қозғалтқышында шұғыл тоқтау құрылғысы болуы тиіс. Қозғалтқыштың апатты басқару органы мен мотоблоктың жұмысшы органдары мотоблокты жұмыс жағдайында ұстап тұратын саппен қосарлануы тиіс.

166. Тракторлар мен өздігінен жүретін машиналар беріліс қосылып тұрған кезде қозғалтқыштың іске қосылуын болдырмайтын құрылғылармен жабдықталуы тиіс.

167. Жүретін энергетикалық құралдармен агрегаттауға арналған машиналардың жұмыс органдары мен басқа да тетіктерін реттеу энергетикалық құрал операторының немесе машина операторының жұмыс орнынан жүргізілуі тиіс.

16. Машиналардың өрт қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

168. Машиналар қажетті өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз етілуі тиіс, олар жеңіл қол жеткізетін орында орналасуы және бекітілуі тиіс. Өрт сөндіргішті орналастыруға арналған орын арнайы жазумен немесе символмен белгіленуі тиіс.

169. Кабинада жанбайтын материалдан жасалған күл салғыш қарастырылуы тиіс.

170. Кабинаның ішін өңдеу материалдарында жану жылдамдығын сынау бойынша сертификат берілген болуы тиіс.

171. Қозғалтқыштың шығару жүйесі пайдаланылған газдардың ұшқынын сөндіруді қамтамасыз етуі тиіс. Біріккен жерлерде газдар мен ұшқындардың жарылуына жол берілмейді.

172. Шығару жүйесінің барлық элементін оларға технологиялық өнімдердің (пішен, сабан, отын, май және тағы басқалары) жиналуын және тұтыну мүмкіндігін болдырмайтындай немесе тиісті қорғағышы (сүйір-қалқанша және тағы басқалары) болатындай етіп конструкциялық орындау және орналастыру қажет.

173. Пайдаланылған газдардың жіңішке ағысы, жанатын заттар немесе олардың сыйымдылығы операторға бағытталуына жол берілмейді.

174. Май құю мойнының орналасуы май құю кезінде оны тұтатуға қабілетті бөлшектердің түсуін болдырмауы тиіс.

175. Тракторлар мен өздігінен жүретін машиналардың конструкциялық жүйесі майдың, отынның және салқындатқыш сұйықтықтардың тамшылауын болдырмауы тиіс. Дренажды құбырлардан (тесіктерден) тамшылауға жол беріледі, бұл үшін жабық немесе құю сыйымдылығы жасалған.

176. Дөңгелекті астық жинау комбайндарында және ағаш үгіткіші бар шассилерде оларға арналған нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес жерге қосылу сымы болуы тиіс.

177. Машиналардың конструкциясы өртке қарсы қатынаста қауіпті мөлшерде жанатын технологиялық өнімнің жиналуын болдырмауы тиіс.

Жанатын технологиялық өнімнің жиналуы мүмкін орындарда жануға әкеп соғатын құрғақ үйкеліс пен бөлшектермен соғуға рұқсат етілмейді.

17. Тасымалдау кезіндегі машиналардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

178. Арту, тасымалдау және түсіру кезінде өздігінен қозғала алатын жинақтаушы бірліктер мен бөлшектерде тіркеу құралдары болуы тиіс немесе жеңіл босатылатын болуы керек.

179. Өздігінен жүретін жинағыш машиналарда дестелегішті тасымалдауды қамтамасыз ететін қондырғылар, арбалар немесе басқа да құралдар болуы тиіс. Бұл ретте машинада жұмыс істейтін персоналмен өздігінен жүк көтеретін механизмдерді қолданбай дестелегішті жұмыс немесе көлік жағдайына келтіру қарастырылады.

180. Трактордың тіркемелері мен жартылай тіркемелері агрегатталатын трактордың ең жоғарғы жылдамдығында жұмыс жасау үшін есептелген болуы керек. Қозғалу траекториясынан әр жаққа қарай тіркемелердің ауытқуы нормативтік құжаттарда бекітілген талаптардағы мәннен аспауы қажет.

181. Толық артылған қалыпта ағаш пен бөренелер тасымалдайтын машиналардың жүк платформалары пайдаланудың барлық жағдайларында жүкті ұстап тұру үшін өзге де тік қоршаулармен жабдықталуы тиіс. Тік қоршаулар ағаш пен бөренелердің олардың арасынан өтуіне жол бермеуі қажет. Тік қоршаулар оператордың кабинасын тасымалданатын жүкпен байланысты барлық қауіптерден сенімді қорғауы қажет.

182. Ұтқыр машиналардың габариттік өлшемі жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары бойынша жүргенде Қазақстан Республикасы Жол қозғалысы ережесінде бекітілген мөлшерден аспауы тиіс. Көліктік габариттік өлшемі осы нормалардан асатын тракторлар мен өздігінен жүретін машиналардың және олар сүйрейтін тіркемелер, машиналар және өздігінен жүретін құралдардың жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары бойынша қозғалысы бөлінбейтін ірі көлемді және ауыр салмақты жүктерді Қазақстан Республикасының аумағында тасымалдауды ұйымдастыру және жүзеге асыру ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

183. Көлемдік ені Қазақстан Республикасының Жол қозғалысы ережесімен бекітілген нормалардан асатын тракторлар мен өздігінен жүретін машиналар Қазақстан Республикасының Жол қозғалысы ережесіне сәйкес сигналдық құралдармен жабдықталуы тиіс және "Автопоезд" белгісіндегі

фонарлармен жабдықталған машиналардан басқа, жоғарғы нүктесінде қызғылт сары немесе сары түсті жанып-өшетін немесе ұдайы жанатын жарық сигналы болуы тиіс.

18. Машиналардың ескерту және сигнализациясын бақылаудың визуальды және дыбыстық құралдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

184. Пайдалану орнындағы қауіпті аймақтар, қауіп тудыратын машина бөлігі сигналдық түске боялуы және нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес тиісті қауіпсіздік белгілерімен белгіленуі тиіс.

185. Сигналдық түс, қауіпсіздік белгілері мен сигналдық таңбалар қауіпті пайдалану орында жүрген персоналдың және өзге де тұлғалардың назарын аудару үшін, қауіптен құтқару, қауіпті елемеу жағдайында мүмкін болатын шығып кету туралы хабар беру, белгілі бір іс әрекеттерді нұсқау немесе талап ету мақсатында сақтандыру үшін, сондай-ақ қажетті ақпаратты хабарлау үшін қолданылуы тиіс.

186. Қауіп туралы ескертетін сигналды құрылғылар олардың сигналдары машиналарды пайдалану кезінде қауіп төнетін немесе төнуі мүмкін барлық тұлғаларға жақсы ажырылатындай және естілетіндей болып орындалуы және орналасуы тиіс.

187. Дыбыс сигнализациясы оператордың көру арнасы ақпаратқа толы жағдайда, сондай-ақ шектеулі көрінушілік, машиналарды пайдалану орнының үлкен кеңістігі, персоналдың бір қалыпты қызметі шартында пайдалануы тиіс.

188. Қашықтықтан басқарылатын атқарушы механизмдер, жұмыс органдары, операторлардан алшақтау немесе басқа үй-жайда орналасқан, сондай-ақ бір оператордан көп оператор қызмет көрсететін технологиялық желілер мен комплекстердің жеке машиналары іске қосу алдындағы және (немесе) іске қосылғаннан кейінгі автоматты ескерту сигнализациясы жүйесімен жабдықталуы тиіс.

189. Тракторлар мен өздігінен жүретін машиналар нормативтік құжаттарда белгіленген талаптардағы мөлшерден кем емес дыбыс деңгейінде дыбыс сигналымен жаратандырылуы тиіс.

190. Оператордың және (немесе) қызмет көрсетуші персоналдың жұмыс орны бар машиналарда энергетикалық құралдың операторымен байланысуына арналған дыбыстық және (немесе) жарықтық сигнализация жүйесі болуы тиіс. Дыбыстық сигнал деңгейі агрегаттың өзінің жұмысының сыртқы шуы деңгейінен 8 дБ(А)-ға жоғары болуы тиіс.

191. Машинаның конструкция элементтерінің көрінетін орындарында жазбалар және (немесе) символдар ілінуі немесе техника қауіпсіздігі, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі бойынша, сондай-ақ басқару тетігінің жағдайы бойынша жазбалар және (немесе) символдары бар кестелер бекітілуі тиіс.

192. Ескерту жазбалары мен машинада бар барлық ақпаратты түсінуге оңай символдар мен пиктограммалар түрінде беру ұсынылады.

193. Белгілер мен ескерту жазбалары атмосфераның, отынның, майдың әсеріне және машинаны тазалау тәсіліне тұрақты болуы тиіс.

194. Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары бойынша пайдалануға немесе жүруге арналған тракторлар мен өздігінен жүретін машиналар:

1) көлік жылдамдығына тәуелсіз тракторлар мен ең жоғарғы көлік жылдамдығы 20 км/сағаттан жоғары болатын өздігінен жүретін машиналар нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес;

2) 20 км/сағ-қа дейінгі жылдамдық кезінде нақты модельдерге арналған нормативтік құжаттарға сәйкес жарық құралдарымен жабдықталады.

195. Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары бойынша жүруге арналған шағын тракторлар нақты моделінің нормативтік құжаттарында белгіленген талаптарға сәйкес жарық сигнализациясы құралдарымен жабдыкталуы тиіс.

196. Машиналардағы мемлекеттік тіркеу белгісін бекіту орындары оның тәуліктің қараңғы уақытында да оқылуын қамтамасыз етуі тиіс.

197. Трактор тіркемелері және жартылай тіркемелер, сондай-ақ тіркеме базасындағы машиналар нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес жарық құралдарымен жабдыкталуы тиіс.

Шағын тракторлар мен мотоблоктарға арналған арбалар нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес жарық қайтарғыштарымен жарақтандырылуы тиіс.

198. Жарық құралдары берілген пайдалану шарттарында жарық құралдарының сипаты сақталатындай және белгіленген талаптарға жауап беретіндей етіп бекітілуі тиіс.

199. Ені энергетикалық құралдар көлемінен асатын машиналар нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес жарық қайтарғыш және айырым белгілерімен жабдыкталуы тиіс.

Энергетикалық құралдарымен агрегаттану кезінде олардың құралдары жарық сигнализациясын жауып қалатын машиналар өзіндік жарық сигнализациясы құралымен жабдыкталуы тиіс.

Тіркеме және жартылай тіркеме типіндегі машиналарда артының сол жағында нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес жылдамдықтың

ең жоғарғы шегінің белгісі белгіленуі тиіс. Бұл машиналарда жүк көтеру шегі көрсетілуі тиіс.

19. Жинау, монтаждау және техникалық қызмет көрсету кезінде машиналардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

200. Сүйреуге арналған немесе өздері сүйрелетін барлық машиналар (энергетикалық құралдар) оңай және қауіпсіз жалғау және ажыратуды қамтамасыз ететіндей құрастырылған, дайындалған және орналастырылған сүйреу-тіркеу құрылғысымен жабдықталуы тиіс.

Осы машиналар жетектің конструкциясын есепке ала отырып жіктеме мен топырақ шарттарына сәйкес келетін тіреу құрылғысымен жабдықталуы тиіс.

201. Тіркеме және жартылай тіркеме машиналарда қатты тіркеме құрылғысы болуы тиіс.

202. Машиналар мен 20 кг. аса салмағы бар оның элементтері көтеру құрылғыларын ұстауға арналған құрылғымен жабдықталуы не оларды осындай құрылғылармен жабдықтау мүмкін болатындай етіп дайындалуы тиіс.

Жүк көтеру құрылғылары үшін жалғау орны, сондай-ақ домкраттарды орнату орны белгіленуі тиіс.

Машиналарды пайдалану құжаттарында жүк көтеру құрылғылары үшін жалғау сызбасы келтірілуі және көтеретін салмағы көрсетілуі тиіс.

203. Орманға арналған машиналар машинаның алдыңғы және артқы бөліктеріне орналасуы тиіс бара-бар беріктілікті сүйреу құрылғысымен жабдықталуы тиіс.

Орманға арналған машиналарда кранмен немесе көтергішпен көтеруге арналған құрылғы, сондай-ақ жүк машиналарында, тіркемелерде тасымалдау кезінде бекітуге арналған құрылғы болуы тиіс. Осы құрылғылардың орналасу орындары нақты белгіленуі тиіс.

204. Машиналардың қызмет көрсету кезіндегі жегілетін қарсыласу күштері нормативтік құжаттарда бекітілген мәндерден аспауы қажет.

205. Машиналардың гидрожүйесі ажырау муфтасы арқылы энергетикалық құралдардың гидрожүйесімен жалғануы тиіс.

206. Аспалы машиналарда тез жалғанатын тізбекті (бұдан әрі - ТЖТ) құрылғы болуы тиіс, техникалық негізделген жағдайларда ТЖТ-ны қолданбауға жол беріледі.

207. Аспалы машиналардың конструкциясы оларды бір оператормен асу және энергетикалық құралға жалғау мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс. Алып тастау машинаға арналған нормативтік құжаттарда айтылады.

208. Арнайы құралдар, техникалық қызмет көрсету, жинау мен монтаждау үшін қажетті құрылғылар гидравликалық жүйенің біріктіру құрылғыларын дайындаушы ұсынуы тиіс. Пайдалану құжаттарында оларды қолдану тәртібі жазылуы тиіс.

Ауысым ішінде оператор жүргізетін техникалық қызмет көрсету үшін қажетті арнайы құралдарға арналған сақтау орындары қарастырылуы тиіс.

209. Өздігінен жүретін машиналарды көліктік және жұмыс жағдайына ауыстыру оператордың жұмыс орнынан қамтамасыз етілуі тиіс.

210. Жұмыс сұйықтықтарын құю тәсілі жерге төгілуді және қызмет етуші персоналдардың жұмыс сұйықтығымен жанасуын болдырмауы тиіс.

211. Майлау нүктесінің орналасуы ыңғайлы және оларға қауіпсіз қол жеткізуді қамтамасыз етуі тиіс. Қол жеткізу қиын орындарда майды жіберудің қашықтық, орталықтандырылған құрылғысы қолданылуы немесе торап жұмысының барлық жөндеу аралық мерзімінде мойынтіректерді бір реттік майлау қамтамасыз етілуі тиіс. Майлау нүктесінің орналасуы машинаның негізгі түсінен ерекшеленетін түрлі-түсті көрсеткіштермен белгіленуі тиіс.

212. Машина бөліктері сұйықтық қысымымен тұруын жалғастыруда конструкция істен шыққан жағдайда, онда бұл бөліктерді жерге түсіру мүмкіндігі немесе оларды пайдалану жөніндегі басшылыққа сәйкес, бақыланатын тәсілмен қауіпсіз жағдайда бекіту мүмкіндігі көзделуі тиіс.

213. Тракторлар мен өздігінен жүретін машиналардың конструкциясында қуаты кемінде 20 Вт болатын тасымалдау лампасын қосу мүмкіндігі қарастырылуы тиіс.

20. Себуге, егуге, тыңайтқыш шашуға және топырақты өңдеуге арналған машиналар қауіпсіздігіне қойылатын қосымша талаптар

214. Мәжбүрлі жетегі бар және жұмыс процесінде топырақ астында жататын, терең қопсытқыштар мен ротациялық машиналардың жұмыс органдары қоршалуы тиіс.

215. Себуге, егуге, тыңайтқыш шашуға арналған машиналар энергетикалық құрал операторының орнынан себу аппараттарының жұмысын және бункерлер мен басқа да ыдыстардағы тұқымдар мен тыңайтқыштар деңгейін бақылауға арналған құрылғылармен жабдықталуы тиіс. Техникалық негізделген жағдайларда бақылауға арналған құрылғыларды машинаға тікелей орнатуға жол беріледі.

216. Оператор орнынан машиналар жұмысын бақылауға арналған құрылғылар жоқ болған жағдайда тұқым сепкіштерде, отырғызғыштар мен басқа да машиналарда технологиялық процесті орындау кезінде қызмет көрсетуші

персонал машинада отырып, оған қатысты жылжитын болса, онда осы Техникалық регламент талаптарына жауап беретін жұмыс алаңдары көзделуі тиіс.

217. Тыңайтқыш сепкіштер мен тыңайтқыш шашатын машиналарда қызмет көрсетуші персоналдың жеке қорғаныс құралдарын қолдану қажеттілігі туралы ескертпе жазба тікелей конструкция элементтеріне немесе кестеге жазылуы тиіс.

218. Су аммиагіне арналған ыдыстарда сақтандырғыш қақпақшалар болуы тиіс.

219. Қатты органикалық тыңайтқыштарды шашуға арналған машиналардың жұмыс істеу органдарының таратушы және құламалы трансмиссиясы жүктеу кезінде жұмыс істеу органдарының сенімді қорғанысын қамтамасыз ететін сақтандырушы құрылғымен жабдықталуы тиіс.

220. Сұйық органикалық тыңайтқыштар шашуға арналған машиналар цистернаны толтыру мен босату деңгейін визуалды бақылау құрылғысымен жабдықталуы тиіс.

221. Сұйық органикалық тыңайтқыштар шашуға арналған машиналарда жұмыстық сұйылтудан асып кетуден сақтайтын клапан немесе басқа да құрылғы болуы тиіс.

Жұмыстық сұйылтудың мәні машиналардың нақты түріне арналған нормативтік құжаттарда көрсетілуі тиіс.

Клапан немесе құрылғы жұмыстық сұйылтуға алдын-ала байқалған және пломбаланған болуы тиіс.

21. Өсімдік қорғауға арналған машиналардың қауіпсіздігіне қойылатын қосымша талаптар

222. Машиналардың конструкциясы улы химикаттардан ыдыстарды қауіпсіз түрде босатуды қамтамасыз етуі тиіс. Машиналардың тозаңдатқыш құрылғылары элементтерін тазарту үшін қажетті құрылғылармен жарақтануы тиіс.

223. Машиналардың жұмыс сұйықтығы сыйымдылығының механикалық әзірленуі мен өздігінен құйылуына немесе құю құралдарынан жұмыс сұйықтықтарын қабылдауға арналған құрылғысы болуы тиіс.

224. Машиналардың конструкциясы белтемірді көліктік жағдайда механикалық бекітуді қамтамасыз етуі тиіс.

225. Бүріккіштер мен тозаңдатқыштардағы жұмыс органдарына улы химикаттарды беруді қосу және ажырату энергетикалық құрал операторының орнынан жүзеге асуы тиіс.

226. Шаңдатқыш құралдар энергетикалық құрал операторының жұмыс орнынан қауіпсіз қашықтықта орналасуы тиіс.

227. Машиналарда жеке қорғаныс құралдарынсыз қызмет көрсетуші персоналдың жұмыс істеуіне тыйым салатын ескеру жазбалары болуы тиіс.

228. Машиналар сыйымдылығы кемінде 15 л қол жууға арналған бөшкемен жарақтануы тиіс. Бөшкенің көрінетін жерінде "Ауыз су емес" деген жазба жазылуы тиіс.

22. Ауыл шаруашылығы дақылдарын жинауға арналған машиналар мен тиеу-түсіру құралдарының қауіпсіздігіне қойылатын қосымша талаптар

229. Гидравликалық басқару қозғалтқышты тоқтату барысында дестелегіштің түсіп кетуіне мүмкіндік бермеуі тиіс.

230. Майдалағыш және таратқыш бастыру құрылғысымен бір мезгілде сөндірілуі тиіс. Майдалағыштың қабы пышаққа дейін қауіпсіз қашықтықты қамтамасыз етуі тиіс. Ұсақталған сабанның шығарып тасталынған тасқыны жерге бағытталуы тиіс.

231. Персоналдың комбайн астында болуын талап етпейтін, тас тергіш контейнердің қауіпсіз жағдайда жүгін азайту мүмкіндігі қарастырылуы тиіс.

232. Тиегіш жебесінде жүк көтеру шегі, ал жаппай тиегіштерде - жүкке қарсы салмақ болуы тиіс.

23. Жанында жүріп келе жатқан адам басқаратын өздігінен жүретін машиналардың қауіпсіздігіне қойылатын қосымша талаптар

233. Жанында жүріп келе жатқан адам басқаратын өздігінен жүретін машиналардың жұмыс орны машинаны басқаруға арналған оңтайлы жағдайларды қамтамасыз етуі және адамның антропометриялық қасиеттеріне сәйкес келуі тиіс.

234. Жұмыс органдары пайдаланудың барлық берілген шарттарында:

1) оператордың тұрақты жағдайын (оператордың бойының әркелкілігін ескере отырып), оның еркін қозғалысы мен болып жатқан процестерді бақылауын қамтамасыз ететіндей;

2) отын бағының толуына тәуелсіз машинаның ең жоғары тұрақтылығы мен басқарылуын, жұмыс органының аспасы және басқа да құрылғыларын қамтамасыз ететіндей;

3) оларды қозғалысқа келтірген кезде тұрақтылық пен басқарудан айырылу қатерін болдырмайтындай;

4) оператор мен жұмысшы органдардың және басқа да операторға қауіп төндіретін машинаның элементтері арасындағы қауіпсіз қашықтықты

қамтамасыз ететіндей етіп құрастырылуы және орналасуы тиіс;

235. Жанында жүріп келе жатқан оператор басқаратын өздігінен жүретін машинаның жүрісі оператордың тиісті басқару органдарына үзіліссіз әсерінің нәтижесінде ғана мүмкін болуы керек. Оның ішінде, қозғалтқышты жіберген сәтте машинаның қозғалысына жол берілмейді.

236. Жанында жүріп келе жатқан оператор басқаратын машинаның басқару жүйесі машинаның операторға бағытталып өздігінен жүрумен байланысты барлық қатерін ең төмен деңгейге жеткізілетіндей етіп құрастырылуы қажет, оның ішінде:

- 1) жаншылу мүмкіндігі;
- 2) айналатын құралдан жарақат алу мүмкіндігі.

237. Машинаның қозғалу жылдамдығы жанында жүретін оператордың жылдамдығына сай болуы керек.

238. Егер машинада айналатын сайман болса, машинаның тікелей сол айналатын сайманмен қозғалуынан басқа жағдайда, оның машина артқа қарай жүру кезінде іске қосылуының мүмкіндігі болмауы қажет. Соңғы жағдайда машинаның артқа жүру жылдамдығы операторға ешқандай қауіп төндірмеуі тиіс.

239. Жанында жүріп келе жатқан оператор басқаратын машинаның қозғалтқышты тоқтату құрылғысымен жабдықталуы тиіс. Қайта қосу жай іске қосу рәсімін орындаумен жүзеге асырылуы қажет.

24. Іштен жану қозғалтқышы бар ауыл шаруашылығы жұмыстарын шағын механикаландырудың ұтқыр құралдарына қойылатын қосымша қауіпсіздік талаптары

240. Мотоблоктардың тіркемелері орындықтармен жабдықталуы тиіс.

241. Машиналардың сыйымдылығы мен бункерлері, сондай-ақ басқа дайын өнімдер, жанармай, ауыл шаруашылығы өнімдері, улы химикаттар, тыңайтқыштар және тағы басқалар жиналуы мүмкін орындар тазалау люктерімен жабдықталуы тиіс. Қолмен артылатын азықтық механизмдердің қабылдау тораптарында оператор қолының жұмыс органдарына тиюіне кедергі жасайтын мөлшердегі жабық бөлім болуы тиіс.

242. Жіберу жібінің керілісі кезінде кіші механикаландыру құралдарына әсер ететін күштің бағыты мен мәні агрегаттың статикалық жағдайының өзгертілуіне немесе оның тұрақты тепе-теңдіктен айрылуына ықпал етпеуі қажет.

243. Көтеру құралдарынсыз монтаждалатын жинамалы бірліктер мен бөлшектер пішіні оларды қолмен алуға ыңғайлы болуы керек.

244. Кіші механикаландыру құралдарын жұмыс жағдайынан көліктік жағдайға және қайтадан ауыстыру қауіпсіз болуы қажет. Бұл ретте физикалық

күштің мәні нормативтік құжаттарда бекітілген талаптардың мәнінен аспауы керек.

245. Шанақ көлемді жүктерді (мысалы пішен) бекітуге қолданылатын жіптерді байлау қапсарларымен, сонымен қатар жалғамалы борттарды бекіту мүмкіндігін қамтамасыз ететін құралдарымен жабдықталуы тиіс.

246. Ең жоғары жүк көтергіштікке дейін жүк артылған тіркеме арбаның салмағы энергоқұрал салмағынан үш есе аспауы тиіс.

247. Тіркеме арбадағы жүк пен оператор салмағының орналасуы мотоблоктың дөңгелектеріне түсетін тік жүктеменің төмендеуіне ықпалын тигізбеуі қажет.

248. Энергоқұралдары бар, бірақ артқа жүру мүмкіндігі жоқ тіркеме және жартылай аспалы арбалардың пайдалануына рұқсат етілмейді.

249. Ротациялық шалғы конструкциясында оператор мен айналасындағыларды шалғы пышақтарының соққысы кезіндегі тас пен басқа да қатты заттардан жарақат алудан қорғайтын экраны болуы тиіс. Шалғының пышақтары жердегі тас пен басқа да қатты құралдарымен соғылу кезінде кішкене сынықтарға бөлінбейтін материалдан жасалынады.

25. Трактордың жем-шөп үлестіргішіне қойылатын қосымша қауіпсіздік талаптары

250. Өткір жем-шөп үлестіргіш өнім тиеу мен шығаруды бақылау құрылғыларымен, визуалды бақылау мүмкін емес болған жағдайда апатты сигналмен жарақтануы тиіс. Бақылау және сигнализация аспаптары трактордың кабинасындағы шығару пультінде орналасады.

251. Шағын габаритті үй-жайларға арналған, жүру дөңгелектерінің ендік орналасуын өзгерте алатын ұтқыр жем-шөп үлестіргіш трактор кабинасында орнатылған және ғимаратқа кіру және шығу кезінде трактористтің кабинадан шығу қажеттілігінсіз ара қашықтықтан жолтабанды өзгертуге мүмкіндік беретін, жолтабандардың орнын ауыстыру механизмін басқарудың шығару пультімен жабдықталуы тиіс.

252. Жем-шөп үлестіргіштің жеткізудің керілу құрылғылары (шынжыр, белдік) қорғаныс қабын шешпей-ақ реттеуді қамтамасыз етуі қажет. Астында керілу құрылғысы бар қорғаныс қабында реттеу сапасын көзбен бақылауға мүмкіндік беретін конструкция (тор, терезе) болуы керек.

26. Су себетін машиналарға қойылатын қосымша талаптар

253. Су себетін машиналарда электрлі жабдықтар судың тікелей тиюінен қорғалған болуы керек.

254. Позициялық әрекеттегі машинаның қозғалтқыш сорғысы белгіленген жұмыс режимінен ауытқығанда автоматты түрде сөндіргішпен және сигнализациямен жабдықталу тиіс.

255. Су себетін машиналарда рұқсат етілетін ара қашықтық көрсетіле отырып, электр жүйелерінің қасында су шашуға тыйым салынатындығы туралы ескерту жазбалар болуы тиіс.

27. Мал шаруашылығына және азық өндіруге арналған машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігіне қойылатын қосымша талаптар

256. Сұйық және газ тәріздес отынмен жұмыс істейтін отындық құрылғылардың конструкциясы мен басқару жүйесі жарылу мен өрттен туындайтын қауіптерді болдырмауы тиіс.

257. Жарылу қаупі бар қоспалар пайда болуы мүмкін машиналардың құрамдас бөліктері мен құрылғылары қызмет көрсетуші персоналдың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін және жанатын газдар жарылған жағдайда машиналардың қирауын болдырмайтын құрылғылармен жабдықталуы тиіс.

258. Жанатын газдардың ішінде болу қаупі бар көңсақтағыштар, тазарту және басқа да құрылыстардың механизмдері мен агрегаттарында іске қосылуды және кірудің (есіктердің, люктардың, шатырдың) ашық кезінде желдеткіштің қосылуын тұйықтау құрылғысы болуы тиіс.

259. Азық дайындауға арналған ұсатқыштардың және машиналардың майдалағыш барабандары статикалық және динамикалық теңгерілген болуы тиіс.

260. Жабдықтан (сумен шаюға арналған құрылғыдан, сүрленген азықтарды майдалағыштар мен жуғыштардан, тамыр турағыштан, саууға, сүтке арналған және басқа жабдықтардан) шығарылған сұйық қалдықтар мен сарқынды суларды кәрізге құю тайғанақ беттің пайда болуын болдырмайтын, сондай-ақ қоршаған ортаны ластанудан қорғауды қамтамасыз ететін, бақылау мен ластанудан тазалау мүмкіндігін қамтамасыз ететін тәсілмен жүзеге асуы тиіс

261. Қысымды және вакуумды сымдардың конструкциясы оператордың қауіпсіздігіне әсер ететін олардың сынуы мен оралуын және жылжымалы бөлікке үйкелуін болдырмауы тиіс.

262. Вакуумды және қысымды қондырғылардың шығу түтіктері тез тұтанатын салмаққа бағытталмауы тиіс.

263. Сусымалы азықтар, сондай-ақ төселетін материалдардың пневматикалық көлігінің құрылғыларына металл және бөтен заттарды ұстағыштар орнатылуы тиіс.

264. Майлы эмульсиялар мен газдардың оператордың жұтқыншағына келуін болдырмау үшін ішкі бетінде майлау жүйесі бар вакуумды қондырғылар пайдаланылған май бөлшектерінің шығарылымын болдырмайтын түншықтырғыштар және май жинағыштармен жасақталуы тиіс.

265. Азықтарды тасымалдау және механикалық үлестіруге арналған механизмдер мен машиналардың конструкциясында өздігінен тазалауға арналған құрылғы немесе қол еңбегін қолданбай тазалауға арналған арнайы жұмыс тәртібі көзделуі тиіс.

266. Көң жинауға арналған қырнауышты тасымалдағыштардың бұрылу жұлдызшасында өздігінен тазалауға арналған құрылғы және адамдар мен жануарларды жарақат алудан қорғайтын қоршау болуы тиіс.

267. Инфрақызыл және ультракүлгін сәулелердің құрылғылары монтаждалған кронштейндермен, қорғау қабымен, торлармен, сәуленің сәуле түсіруін реттейтін жанбайтын материалдардан жасалған жылу және жарықты оқшаулағыш экрандармен жабдықталуы тиіс.

268. Ауа сору құрылғысы мен жүйесінің ішкі беті және кіру ернеуі тегіс, жапырылмаған, түйістерсіз және кемерсіз болуы тиіс. Элементтердің бірігуі ауа өту үшін қиманың бірқалыпты өзгеруін және жиектің, нығыздауыштың, төсемнің ішке қарай шығуынсыз орындалуын көздеуі тиіс.

269. Ауа сору жүйесінің ауа қабылдағышы мен ауа өткізгішінің конструкциясы оған құрама жемнің, шаңның, қалдықтардың бөлінуіне және жиналуына жол бермеуі тиіс.

270. Булағыш-араластырғыштар және булағыштар саңылаусыз және 0,07 МПа өте жоғары қысымда жұмыс істеуге есептелген болуы тиіс, бұл ретте будың шығуына жол берілмейді.

271. Мал шаруашылығына арналған үй-жайларға жылу генераторларымен берілетін ауаның жұмыс температурасы 70°C артық болмауы тиіс.

272. Электрлі су ысытқыш бақылау және жоғары қысым мен жанып кетуден сақтау құралдармен жабдықталуы тиіс.

273. Жануарларды таңбалауға арналған қырқу машиналары мен аспаптарының корпустарында жылу оқшаулағыш болуы тиіс. Жұмыс уақытында адамның қолы тиюі мүмкін бөлшектердің қызу температурасы 40°C -тан аспауы тиіс.

274. Жануарлармен бұзылуы және корпустардың қауіпті жағдайына әкеп соғуы мүмкін машиналардың элементтерінде қоршау болуы тиіс.

275. Жануарлардың технологиялық қондырғыларға қарай жүруіне арналған өтетін жерлерде жануарлардың артқа жүруіне кедергі жасайтын жабу-өткізу құрылғысы болуы тиіс. Жабу-өткізу құрылғысы (мысалы,

жануарлардың жүруі бойынша ауысатын жарма түрінде) қоршаудың бағанына орналасуы және өтетін жердің ені мен биіктігін реттеуі, сондай-ақ өтетін жердің тік және көлденең қалыптарында қозғалыссыз тексеруге мүмкіндік беруі тиіс.

276. Сауу станоктарының конструкциясында емшекпен қызмет көрсету кезінде операторды жануарлардан, олардың шығыстарынан және санитарлық сұйықтықтардан жарақат алудан қорғайтын қоршау көзделуі тиіс.

277. Ұтқыр тасымалдағыш және жем-шөп үлестіргіш машиналарды қауіпсіз пайдалану үшін материалдарды тасымалдау және азықтарды үлестіру процесінде қызмет көрсетуші персонал мен жануарлардың жарақат алуын болдырмайтын құрылғы көзделуі қажет.

278. Тұндырылған құдықтар, былаулар және жануарларға арналған шомылдыру қондырғысының бүріккіш жүйелерінің толық жабылуы немесе сигналдық түске боялған және тиісті қауіпсіздік белгісімен белгіленген, биіктігі 1 м. кем емес тұтас тік қоршауы болуы тиіс.

279. Улы улағыш химиялық заттарды (азықтарды консервілеу, жануарларды өңдеу үшін) тасымалдайтын және мөлшерлегіш машиналар химиялық заттардың шығынын бақылау жүйелерімен қамтамасыз етілуі тиіс.

280. Жануарларды артуға арналған эстакадалардың конструкциясында шанақтың биіктігі бойынша, ал бүйір қоршауы жағдайында - көлік құралы шанағының ені бойынша еденді реттеудің мүмкіндігі көзделуі тиіс.

281. Жануарларды жылытуға арналған электрлік құрылғылар мен беттер өрт-жарылыс қауіпсіз және су өткізбейтін болуы тиіс, оның жұмыс бетінің шекті тозу тереңінде қызғылт сары түсте оқшаулағыш материал қабаты, үстіңгі қабатында қарама-қарсы бояу болуы және тоқ ағынынан қорғалуы тиіс, сондай-ақ олардың саңылаусыздығы жойылған кезде қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған сигналды құрылғымен жабдықталуы тиіс.

282. Ірі қара малға арналған қора жабдықтары және арқан конструкциясы жануарлардың астау мен жем үлестіруге арналған өтетін жердің шегінен орын ауыстыруын болдырмауы тиіс. Жануарларды босату кезінде байлау бөлшектері (тізбектер, белдіктер) еденге жанаспауы тиіс.

283. Станоктардың, өткелектердің және басқа бұйымдар конструкциясы элементтерінің қоршаулары жануарлардың әсерінен болатын салмаққа төзуі тиіс.

28. Машиналарды пайдалану кезіндегі қауіпсіздік талаптары

284. Машиналарды пайдалану процестерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін пайдаланушы қауіпті жағдайлардың туындауының алдын алу бойынша шаралар қабылдауға міндетті.

285. Машиналар мен жабдықтарды пайдалану пайдалану құжаттамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Пайдаланушымен машинаның пайдалану құжаттамасы сақталады және сол құжаттамада белгіленген талаптар орындалады.

286. Пайдаланушы дайындаушының пайдалану құжаттамасын персоналға жеткізеді.

287. Пайдалану құжаттамасында белгіленгендерден ерекшеленетін режимдер мен шарттарда машиналар мен жабдықтарды пайдалануға жол берілмейді.

288. Егер технологиялық комплекстерді қоса алғанда, машиналар, жабдықтар конструкциясында пайдалану процестерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін басқару жүйесінің болуы көзделсе, онда көрсетілген машиналарды, жабдықтарды басқару жүйесінің өшірілу, бөлшектену немесе ақаулы кезінде пайдалануға тыйым салынады.

289. Егер машиналар, жабдықтар конструкциясында қорғау құрылғысы және (немесе) сигналдық құрылғы көзделген болса, онда көрсетілген машиналарды, жабдықтарды қорғау құрылғысының өшірілу, бөлшектену немесе ақаулы кезінде пайдалануға тыйым салынады.

290. Персонал орындалатын жұмыс түріне, технологиялық процестерге қойылатын және машинаның пайдалану құжаттамасындағы қауіпсіздік талаптарына сәйкес жеке қорғау құралымен қамтамасыз етілуі тиіс.

Персонал жеке қорғау құралын алу кезінде сол құралды қолдану тәртібі туралы нұсқау алған және оған пайдалану талаптарымен танысқан болуы тиіс.

29. Сәйкестік презумпциясы

291. Машиналардың осы Техникалық регламентке сәйкестігі үйлестірілген стандарттардың әрбір талаптарының орындалуымен жүзеге асырылады.

Машинаның үйлестірілген стандарттар талаптарына сәйкестігі машиналардың осы Техникалық регламенттің қауіпсіздік талаптарына сәйкес екендігін дәлелдейді.

Осы Техникалық регламентпен үйлестірілген стандарттар тізбесі 4-қосымшада келтірілген.

292. Егер машинаның нақты түріне үйлестірілген стандарттары жоқ болса немесе дайындаушы (жеткізуші, сатушы) оларды қолдануға ынталы болмаса, онда мұндай жағдайда машиналардың осы Техникалық регламенттің ең төменгі талаптарына сәйкестігі туралы шешімді сәйкестікті растау органдары қабылдайды.

Осы шешім жүргізілген тексерулер, өлшемдер мен сынақтар, сондай-ақ өнімнің осы Техникалық регламент талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету

үшін қабылданған техникалық шешімдер нәтижесін талдау негізінде қабылданады.

293. Машиналарды бақылау және сынау әдістері стандартталған әдістеме бойынша жүргізіледі. Олар болмаған кезде машиналарды бақылау, өлшеу және сынау әдістемесін әзірлеу Қазақстан Республикасы техникалық реттеу саласындағы заңнамаларында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

30. Сәйкестікті растау

294. Машиналар нарыққа орналастыру немесе пайдалануға енгізілу алдында сәйкестікті растау ресімінен өтуі керек.

295. Машиналардың осы Техникалық регламент талаптарына сәйкестігін растау Қазақстан Республикасы техникалық реттеу саласындағы заңнамаларында белгіленген тәртіппен және осы Техникалық регламент талаптарымен жүзеге асырылады.

296. Машиналардың осы Техникалық регламент талаптарына сәйкестігін растау сертификаттау жүргізу нысандарында жүзеге асырылады.

297. Міндетті түрде сертификаттауға жататын техникалық реттеу объектілерінің тізбесі осы Техникалық регламентке 1-қосымшада келтірілген.

298. Машиналар тобының атауы, сондай-ақ машиналардың әрбір тобы үшін тиісінше белгіленген және расталған қауіпсіздік талаптары осы Техникалық регламентке 3-қосымшада келтірілген.

299. Сертификатталған өнімге сәйкестікті растау мақсатында өтінім беруші техникалық құжаттаманың жиынтығын ұсынуы тиіс.

Техникалық құжаттама осы Техникалық регламент талаптарымен өнімнің сәйкестігін бағалауға мүмкіндік беруі тиіс. Ол бағалау үшін қажетті шамада жобаны (нормативтік құжатты), машиналарды өндіру тәсілі мен әрекет ету принципін көрсетуі, сондай-ақ машиналардың осы Техникалық регламент талаптарына сәйкестігі дерегін қамтуы тиіс.

Техникалық құжаттаманың жиынтығы мыналарды:

- 1) пайдалану құжаттамасын;
- 2) техникалық шарттарды немесе ұйымның стандартын;
- 3) қажет кезде жалпы түрінің сызбасы мен қағидатты схемаларды қамтуы тиіс

Белгіленген талаптарға өнімнің сәйкестігін бағалау кезінде сәйкестікті растау жөніндегі органның шешімі бойынша мыналар:

- 1) қабылдау, мерзімдік және инспекциялық сынақтардың хаттамалары;
- 2) өнімге берілген шетелдік сертификат және шетелдік сынақ орталықтарында (зертханаларда) жүргізілген сынақтар хаттамалары;

3) жинақталған бұйым және материалдарды дайындаушының сертификаты (сәйкестік туралы декларациялар) қолданылуы мүмкін.

300. Шетелдік мемлекеттердің сәйкестікті растау саласындағы құжаттарын тану Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамаларға сәйкес жүргізіледі.

31. Қолданысқа енгізудің мерзімі мен шарттары

301. Қазақстан Республикасы аумағында ауыл шаруашылығы және орман ағаштарын дайындайтын тракторлар, тіркемелер және машиналар қауіпсіздігіне қойылатын талаптарға қатысты бөлігінде, ережелері осы Техникалық регламент талаптарына сәйкес келетін құқықтық актілер нормаларының қолданылуы сақталады.

302. Осы Техникалық регламентті қолданысқа енгізуге байланысты ауыл шаруашылығы және орман ағаштарын дайындайтын тракторлар, тіркемелер және машиналар қауіпсіздігіне қойылатын талаптарға қатысты бөлігінде Қазақстан Республикасында қолданылатын, қайталанатын және осы Техникалық регламент талаптарына сәйкес келмейтін құқықтық актілер нормалары мен құжаттардың ережелері белгіленген тәртіпте түзетілуі немесе жойылуы тиіс.

303. Осы Техникалық регламент алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он екі ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Техникалық регламентке
1-қосымша

Техникалық регламенттің күші әсер ететін және міндетті сертификаттауға жататын машиналардың нақты тізбесі

ҚР СЭҚ ТН коды	Өнімнің атауы
8701 20	Т р а к т о р л а р : жартылай тіркемеге арналған доңғалақты шынжыр табанды
8701 30	
8428 90 710 0 8428 90 790 0	Ауыл шаруашылығы машиналарына орнату үшін әзірленген тиеу құрылғылары
8433 11 510 0 8433 11 590 0 8433 11 900 0	

8433 19 510 0 8433 19 590 0 8433 19 700 0 8433 20 100 0 8433 20 510 0 8433 20 590 0	Ауыл шаруашылығы дақылдарын жинауға немесе бастыруға арналған машиналар мен механизмдер (өздігінен жүретіндерін және тракторларға орнатылатындарын қоса алғанда, орақтар)
8433 30 100 0	Шөп дайындауға арналған машиналар : орағыштар, қапталдық айырлар
8432 10 100 0	Жер аударғыш соқалар
8432 21 000 0	Дискілі тырмалар
8432 29 100 0	Қопсытқыштар және культиваторлар
8432 29 300 0	Тырмалар
8432 29 500 0	Топырақты терең қопсытқыштар
8432 29 900 0	Өзгелері (отағыштар және кетпендер)
8433 40 100 0 8433 40 900 0	Сығымдағыш-жинағыштарды қоса алғанда, сабанға немесе шөпке арналған сығымдағыштар
8433 51 000	Астық жинайтын, жүгері жинайтын, күріш
8433 52 000 0	жинайтын комбайндар, астық бастыратын машиналар
8433 53 100 0 8433 53 300 0	Түйнектерді немесе тамыр жемістілерді жинауға арналған машиналар : картоп қазғыштар және картоп жинайтын машиналар, қызылша жинайтын машиналар
8433 59 110 8433 59 190 0	Сүрлем жинайтын өздігінен жүретін комбайндар
8436 10 000 0	Жануарлар үшін азық дайындауға арналған машиналар мен механизмдер
8437 10 000 0	Астық пен құрғақ бұршақты тазалауға, сұрыптауға немесе калибрлеуге арналған машиналар

8434 10 000 0	Сауын қондырғылары мен аппараттары
8436 21 000 0 8436 29 000 0	Құс шаруашылығына арналған жабдық: инкубаторлар және брудерлер
8433 60 000 0	Жұмыртқаларды, тұқымдарды немесе ауыл шаруашылығының басқа өнімдерін тазалауға, сұрыптауға немесе калибрлеуге арналған машиналар
8432 40 100 0 8432 40 900 0	Минералдық және химиялық тыңайтқыштарды себуге арналған ауыл шаруашылығы машиналары
8432 30	Тракторлық сепкіштер
8432 30 900 0	Отырғызғыштар және көшет отырғызғыш машиналар
8419 31 000 0 8437 80 000 0	Ауыл шаруашылығы өнімдерін кептіруге арналған құрылғылар
8716 20 000 0	Тіркемелер мен жартылай тіркемелер және басқа да өздігінен жүрмейтін көлік құралдары

Техникалық регламентке
2-қосымша

Осы техникалық регламенттің қауіпсіздік талаптарын қолдануға қатысты пайдалану процесінде адамдардың өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға машиналар тудыратын қауіптер тізбесі

1-кесте: Қауіптердің базалық тізбесі

Р/ с N	Қауіптер	Қауіптердің осы Техникалық регламентте қарастырылуы
1	2	3
1.	Мыналардан болатын механикалық қауіптер: - машина элементтері мен дайындамалардан, мысалы: а) нысандардан, б) салыстырмалы орналасудан, с) салмақ пен тұрақтылықтан (ауырлық әсерінен жылжуы мүмкін элементтердің потенциалды энергиясынан), д) салмақ пен жылдамдықтан (басқарылатын және басқарылмайтын қозғалыстағы элементтердің кинетикалық энергиясынан), е) тең емес механикалық беріктіліктен; - машинаның ішінде потенциалды энергияны шоғырландырудан, мысалы: f) серпінді элементтерден (серіппелерден),	15, 17, 47-54, 56-65, 67-77, 79, 80, 103, 118-120, 150, 178, 179, 181, 211, 212, 214, 216, 229-231, 234-236, 238, 241, 249, 251, 252, 259, 261, 263, 265, 266, 275, 277, 280, 282, 283-тармақтар

	g) қысымда тұрған сұйықтықтар мен газдардан h) вакуумнан	
	1.1. Басып қалу қаупі	
	1.2. Жаралау қаупі	
	1.3. Тіліп кету немесе кесіп түсу қаупі	
	1.4. Шатасу қаупі	
	1.5. Тартып кету немесе ұстап қалғышқа түсу қаупі	
	1.6. Сокқы қаупі	
	1.7. Түйреу немесе түйреп өту қаупі	
	1.8. Үйкелу немесе жемірілу әсерінен болатын қауіптер	
	1.9. Сұйықтық шашылудан болатын қауіптер	
2.	Мыналардың салдарынан болатын электрлік қауіптер:	
	2.1. Ток өткізетін бөліктермен түйісу (тікелей түйісу)	27, 28, 33, 281-тармақтар
	2.2. Кернеуде тұрған ақаулы жағдайдағы ток өткізетін бөліктермен түйісу (жанама түйісу)	27, 32-34, 253 тармақтар
	2.3. Жоғары кернеуге дене бөлігінің тиюі	27, 33-тармақтар
	2.4. Электр статикалық заряд	27, 176-тармақтар
	2.5. Жылу немесе басқа да радиация, балқып тұрған бөлікке түсіп кету немесе қысқа мерзімді тұйықталудан болатын химиялық әсер және тағы басқалары	27, 28, 30, 31-тармақтар
3.	Мыналарға:	
	3.1. Күю немесе ыстық құйылу немесе балку немесе жарылыстан болатын жоғары температуралы заттар мен материалдарға, сондай-ақ жылу сәулесіне жанасудан болатын зақымдарға	30-32, 66-68, 267, 272, 273-тармақтар
	3.2. Жұмыс орнының ыстықтығы немесе суықтығынан денсаулыққа зиян келтіруге әкеп соғатын термиялық қауіптер	105, 108-110, 271-тармақтар
4.	Мыналардан:	
	4.1. Естудің жоғалуынан (керендіктен), басқа да физиологиялық бұзылулардан (мысалы, тепе-теңдіктің жоғалуынан, ықыластың әлсіреуінен)	36, 105-тармақтар
	4.2. Сөздерді, дыбыс сигналдарын қабылдаудың нашарлауынан көрінетін шудан болатын қауіптер	36-тармақ
5.	Дірілден болатын қауіптер	
	5.1. Жүйке немесе тамырдың бұзылуына әкеп соғатын қол механизмдерін пайдалану	37-тармақ
	5.2. Негізінен ыңғайсыз жағдай кезінде бүкіл дененің дірілдеуі	37, 127-тармақтар
	Сәулеленуден болатын қауіптер	

	6.1. Микротолқынды өрісте төмен жылікте, радио жылікте сәулелену	38-тармақ
	6.2. Инфрақызыл, көрінетін және ультракүлгін сәулелену	267-тармақ
	6.3. Икс және гамма сәулелену	-
	6.4. Альфа- және бета сәулелену, электронды және ионды сәулелер, нейтрондар	-
	6.5. Лазерлер	-
7.	Машинаға пайдаланылатын немесе машинадан бөлінетін материалдар мен заттардан (және оларды құрайтын заттардан) болатын қауіптер	
	7.1. Зиянды сұйықтардың буымен, газдармен, шаңмен, тұманмен, түгінмен демалу немесе түйісу	39, 61, 67, 78, 79, 83, 99, 105, 117, 210, 217, 218, 220-223, 225-228, 264, 268, 269, 278, 279-тармақтар
	7.2. Балқу немесе жарылыс қаупі	30-32, 35, 67, 68, 69, 78, 81, 168-177, 218, 256-258, 262, 270, 272-тармақтар
	7.3. Биологиялық және микробиологиялық қауіптер (вирустық және бактериологиялық)	218, 220-224, 226, 228, 260, 276, 278-тармақтар
8.	Машинаны құрастыру кезінде эргономика принциптерін елемеуден туындаған қауіптер:	
	8.1. Денеге шамадан тыс күш түсірумен байланысты денсаулыққа зиянды қалыптар	15, 17, 98, 121-128, 130, 133-135, 155, 216, 231, 233, 240-тармақтар
	8.2. Адамның қолы мен аяғының анатомиялық мүмкіндігіне сәйкессіздік	15, 17, 98, 121-128, 130, 133-135, 150, 151, 155, 204, 216, 231, 233, 243, 244-тармақтар
	8.3. Жеке қорғану құралдарын пайдаланудан болатын қозғалмай қалушылық	-
	8.4. Жергілікті жарықтың тепе-тең түспеуі	98, 114, 213-тармақтар
	8.5. Психологиялық күш түсу, стрестер	36, 37, 98, 121-124, 126-128, 130, 133-135-тармақтар
	8.6. Адамдардың жүріс-тұрысындағы қателіктер	16, 116, 136, 140-142, 144, 147, 150, 151, 154, 190-193, 215, 220-тармақтар
	8.7. Басқару органдарын орналастыру және тану конструкциясының бара-бар еместігі	16, 29, 138, 142, 150-152, 154-163, 225-тармақтар
	8.8. Ақпарат беру құралының конструкциясы немесе орналасуының бара-бара еместігі	116, 215, 220-тармақтар
9.	Қ атерлер комбинациясы	-
10	Мыналардан:	
	10.1. Басқару жүйесінің ақаулығынан немесе зақымдануынан	136-138, 152-тармақтар
	10.2. Үзілгеннен кейін энергиямен жабдықтауды жаңартудан	138, 148-тармақтар
	10.3. Электрлік жабдыкка сыртқы әсерден	138, 253-тармақ
	10.4. Басқа да сыртқы әсерлерден (ауырлықтан, желден және тағы басқалары)	138-тармақ
	10.5. Бағдарламалы-математикалық ақаулықтан немесе қателіктен	136, 138-тармақтар

	10.6. Оператордың қателігінен (машина конструкциясының адамның мүмкіндігіне сәйкессіздігі салдарынан (8.6) болатын кенеттен іске қосылу, бұрылыстар, айналыстар (немесе кез келген сол сияқты тосын оқиғалар)	136, 141, 147, 150, 151-тармақтар
11	Машинаны мүлдем немесе қажетті жағдайда тоқтатуды мүмкін болмауы	149, 165, 239-тармақтар
12	Айналу құрал-сайманының жылдамдығын бұзу	139-тармақ
13	Энергиямен жабдықтаудың бұзылуы	148-тармақ
14	Басқару жүйесіндегі қателік	136, 235, 236, 238-тармақтар
15	Монтаж қателігі	208-тармақ
16	Жүйе процесінде бөліну	57, 67-69, 219, 221-тармақтар
17	Заттар немесе сұйықтардың құлауы немесе тасталуы	26, 47, 48, 61, 65, 67-69, 81, 82, 118, 178, 179, 181, 230, 239-тармақтар
18	Тұрақтылықтың жоғалуы / машинаның аударылуы	40-42, 44-51, 131, 132, 178-181, 203, 212, 224, 229, 234, 242, 245-247-тармақтар
19	Тайғанау, аударылу немесе адамдардың құлауы (машинаға байланысты)	15, 17, 18, 100-102, 131, 132, 260-тармақтар

2-кесте: Қозғалысқа байланысты болатын қосымша қауіптер, қауіпті жағдайлар және оқиғалар

Р/с N	Қауіп	Қауіптердің техникалық регламентте қарастырылуы	осы
1	2	3	
20	Жылжу функцияларына байланысты қауіптер		
	20.1. Қозғалыс басындағы жүлқыну	166-тармақ	
	20.2. Жүргізуші жоқ кездегі қозғалыс	143, 147, 153-тармақтар	
	20.3. Бөлшектердің барлығы қауіпсіз емес жағдайдағы қозғалыс	-	
	20.4. Басқарушы адам жанында жүргенде машинаның рұқсат етілген жылдамдығын арттыру	237-тармақ	
	20.5. Қозғалыс кезіндегі қатты діріл	127, 180-тармақтар	
	20.6. Жеке тораптарды тежеу немесе толық тоқтатудың мүмкін болмауы	19-26-тармақтар	
21	Жүргізушінің орнын қоса алғанда, жұмыс орнының орналасуына байланысты қауіптер		

21.1. Жұмыс орнына отырғызу кезінде адамның құлауы немесе одан машинаға құлауы	15, 17, 98, 105-тармақтар
21.2. Жұмыс орнының газдануы / шаң-тозаңдануы	39, 83, 98, 99, 105, 107, 173-тармақтар
21.3. Өрт қауіптілік (кабинаның тұтанғыштығы, өрт сөндіру құралдарының жоқтығы)	98, 168-170-тармақтар
21.4. Жұмыс орнындағы механикалық қауіптер: а) дөңгелекке жанасу б) оралып кету с) Сыртқа немесе ішке құлау д) тез айналатын элементтердің сынуы е) машинаның элементтеріне немесе құрал-саймандарына жанасу	15, 17, 59, 60, 98, 103-105, 131, 132, 150-тармақтар
21.5. Жұмыс орнынан көрудің жеткіліксіздігі	84-88, 95-97, 111-113, 115-тармақтар
21.6. Жарықтың жеткіліксіздігі	89-94, 98, 114-тармақтар
21.7. Қолайсыз орындық	98, 126-130, 134, 240-тармақтар
21.8. Жұмыс орнындағы шудың рұқсат етілмеген деңгейі	36, 105, 106-тармақтар
21.9. Жұмыс орнындағы дірілдің рұқсат етілмеген деңгейі	37, 98-тармақтар
21.10. Жұмыс орнынан жылдам эвакуациялаудың мүмкін болмауы/ қосалқы шығу есігінің болмауы	98, 106-тармақтар
22 Басқару жүйесіне байланысты қауіптер	
22.1. Басқару органдарының қанағаттандырылғысыз орналасуы	16, 150, 151, 153, 155, 158-160, 163, 164, 165, 167, 209, 225-тармақтар
22.2. Басқару органдарының қанағаттандырылғысыз конструкциясы	136-152, 154, 156, 157, 160, 161, 162, 164, 165, 167, 209-тармақтар
23 Машинамен жұмыс істеу кезіндегі қауіптер (тұрақтылықты жоғалту)	43, 180, 246- 248-тармақтар
24 Энергия көздеріне немесе оны беруге байланысты қауіптер	
24.1. Қозғалтқыштан және батареядан болатын қауіптер	30, 39-тармақтар
24.2. Машиналар арасында энергия беру кезіндегі қауіптер	71-77, 200, 201, 203, 205-207-тармақтар
24.3. Ағытпалар мен кабельдерден болатын қауіптер	27, 28-тармақ
25 Бөгде адамдармен байланысты қауіптер	
25.1. Өз бетімен қосу немесе пайдалану	153-тармақ
25.2. Бөлшектер мен тораптардың рұқсат етілген шектерге орнын ауыстыру	182, 183, 274-тармақтар

	25.3. Жарық немесе дыбыс сигналдар құрылғысының жоқтығы немесе ақаулығы	183, 186-190, 194, 195, 197-199-тармақтар
26	Жүргізушілерге немесе қызмет көрсетуші персоналға арналған нұсқаулықтардың жеткіліксіздігі	21, 22, 55, 64, 140, 144, 146, 147, 154, 184-188, 191-193, 195, 196, 211, 215, 217, 227, 232, 250, 254, 255, 279, 281-тармақтар

3-кесте: Жүк көтеру кезіндегі қосымша қауіптер, қауіпті жағдайлар және оқиғалар

Р/ с N	Қауіп	Қауіптердің о с ы Техникалық регламентте қарастырылуы
1	2	3
27	Механикалық қауіптер және қауіпті оқиғалар	
	27.1. Мыналардың себебінен жүктердің құлауы, машинаға соғылудан болатын қауіптер:	
	27.1.1. Жеткіліксіз тұрақтылық	44-тармақ
	27.1.2. Бақылаусыз тиеу, артық тиеу, рұқсат етілген иілуді арттырудан	202-тармақ
	27.1.3. Қозғалыстан бақылаусыз ауытқудан	-
	27.1.4. Жүктің орнын кенеттен / алдын ала болжамай ауыстырудан	-
	27.1.5. Тіреудің бейімділігі/тиесілігінің сәйкес еместігінен	203-тармақтар
	27.1.6. Машиналардың қақтығысуынан	-
	27.2. Жүкке арналған тіреуге адамдардың тұрып алуынан	-
	27.3. При сходе с рельс	-
	27.4. Бөлшектердің жеткіліксіз механикалық беріктігінен	-
	27.5. Ілмектер мен барабандардың конструкциясынан	-
	27.6. Шынжырлар, тростар және басқа да жүк көтеру жарақтарының дұрыс таңдалмауы және олардың машинаға дұрыс бекітілмеуінен	-
	27.7. Үйкелісті басқару кезінде салмақтың құлауынан	-
	27.8. Монтаж, сынау, пайдалану, қызмет көрсету ережелерін бұзудан	-
	27.9. Жүктің персоналға әсерінен (жүктің немесе қарсы салмақтың соғылуы)	-
28	Электрлік қауіп	
	28.1. Найзағай соққысынан	-
29	Эргономика негіздерін елемеден болатын қауіптер	
	29.1. Жүргізушінің жұмыс орнынан жеткіліксіз көріну	84 - 88 - тармақтар

Техникалық регламентке
3-қосымша

Машиналар тобының және оларға сәйкес Техникалық регламент талаптарын растайтын өнімдердің атауы

ҚР СЭЖТН коды	Өнімдер атауы	Расталатын талаптар
84289071008428907900	Ауыл шаруашылығы машиналарына орнату үшін әзірленген тиеу құрылғылары	15-22, 28-34, 36, 37, 39, 40, 43, 47-49, 52, 58-62, 65, 78-81, 84-92, 94-100, 105-111, 113-141, 144, 148, 150-155, 157-178, 182-187, 189, 191-194, 196, 198, 199, 202, 204-213, 232-тармақтар
8432101000	Жер аударғыш соқалар	19, 20, 26, 40, 43, 48, 49, 51, 52, 58, 60, 61, 65, 71, 73-77, 79-81, 96, 118, 137, 138, 150, 151, 167, 178, 182, 184-186, 191-193, 199-202, 204-208, 214-тармақтар
8432210000	Дискілі тырмалар	
8432291000	Қопсытқыштар және культиваторлар	
8432293000	Тырмалар	
8432295000	Топырақты терең қопсытқыштар	
8432299000	Өзгелері (отағыштар және кетпендер)	
8432308432309000	Тракторлық сепкіштер Отырғызғыштар және көшет отырғызғыш машиналар	15-20, 26, 28, 36, 37, 40, 42, 43, 47-49, 51, 52, 55, 58-62, 65, 68, 70, 71, 73-77, 79-83, 87, 96, 103, 104, 108, 118, 119, 126, 127, 137-142, 144, 146, 150, 151, 167, 178, 182, 184-186, 190-193, 199-202, 204-208, 210, 211, 215-221-тармақтар
84324010008432	Минералдық және химиялық тыңайтқыштарды себуге	

40 900 0	арналған ауыл шаруашылығы машиналары	
8433 11 510 0 8433 11 590 0 8433 11 900 0 8433 19 510 0 8433 19 590 0 8433 19 700 0 8433 20 100 0 8433 20 510 0 8433 20 590 0	Ауыл шаруашылығы дақылдарын жинауға немесе бастыруға арналған машиналар мен механизмдер (Өздігінен жүретіндерін және тракторларға орнатылатындарын қоса алғанда, орақтар)	
8433 30 100 0	Шөп дайындауға арналған машиналар: орағыштар, капталдық айырлар	15-20, 26, 28, 34, 40, 43, 47-49, 51, 52, 57-65, 71, 73-77, 79-81, 96, 118, 136-142, 144-146, 148-152, 167, 168, 176-179, 182, 184-187, 191-193, 197-202, 204-208, 211, 212, 230, 231, 249-өздігінен жүрмейтін машиналарға арналған талаптар бар тармақтар
8433 40 100 0 8433 40 900 0	Сығымдағыш-жинағыштарды қоса алғанда, сабанға немесе шөпке арналған сығымдағыштар	15-22, 28-34, 36, 37, 38-41, 43, 47-49, 52, 53, 55-66, 69, 78-81, 84-92, 94, 95, 97-100, 105-111, 113-131, 135-142, 144, 146, 148-155, 158-162, 164-166, 168-179, 182-189, 191-194, 196, 198, 202, 204, 205, 208-213, 229-231, 233-239, 242, 244, 249-өздігінен жүретін машиналарға арналған талаптар бар тармақтар

8433 5 1 000 8433 5 2 000 0	Астық жинайтын, жүгері жинайтын, күріш жинайтын комбайндар, астық бастыратын машиналар	
8433 5 3 100 0 8433 5 3 300 0	Түйнектерді немесе тамыр жемістілерді жинауға арналған машиналар: картоп қазғыштар және картоп жинайтын машиналар, қызылша жинайтын машиналар	
8433 5 9 110 8433 5 9 190 0	Сүрлем жинайтын өздігінен жүретін комбайндар	
8701 2 0 8701 3 0	Тракторлар: жартылай тіркемеге арналған донғалақты шынжыр табанды	15-23, 28-34, 36, 37, 39, 40, 43, 47, 52, 58, 61, 62, 72, 78, 81, 84-92, 94, 95, 97-100, 102, 105-131, 135-137, 140, 144, 150-155, 158-162, 164-166, 168-175, 182-187, 189, 191-194, 196, 198, 200, 202, 204, 205, 208, 210, 213-тармақтар
8716 2 0 000 0	Тіркемелер мен жартылай тіркемелер және басқа да өздігінен жүрмейтін көлік құралдары	19, 20, 24, 25, 28, 34, 40, 43, 50-52, 65, 79, 81, 118, 180, 181, 184-186, 191-193, 196-202, 204, 205, 207, 208-тармақтар
8434 1 0 000 0	Сауын қондырғылары мен аппараттары	
8436 2 1 000 0 8436 2 9 000 0 8436 1 0 000 0	Құс шаруашылығына арналған жабдық: инкубаторлар және брудерлер Жануарлар үшін азық дайындауға арналған машиналар мен механизмдер	15-17, 35, 36, 38, 40, 47, 49, 52-64, 66-70, 81-83, 118, 136-142, 144-146, 148-152, 168, 177, 184-188, 191-193, 202, 204, 208, 210, 211, 256-283-тармақтар

8419 3 1 000 0 8437 8 0 000 0	Ауыл шаруашылығы өнімдерін кептіруге арналған құрылғылар	15-17, 27, 35, 36, 38, 40, 47, 49, 52-64, 66, 70, 81-83, 118, 136-142, 144-146, 148-152, 168, 177, 184-188, 191-193, 202, 204, 208, 210, 211, 256, 257- тармақтар
8433 6 0 000 0	Жұмыртқаларды, тұқымдарды немесе ауыл шаруашылығының басқа өнімдерін тазалауға, сұрыптауға немесе калибрлеуге арналған машиналар	
8437 1 0 000 0	Астық пен құрғақ бұршақты тазалауға, сұрыптауға немесе калибрлеуге арналған машиналар	

Техникалық регламентке
4-қосымша

Үйлестірілген стандарттар тізбесі

ҚР СТ 41.96-2007 Ауыл шаруашылығы және орман тракторлары мен жолдан тысқары техникаға орнатуға арналған, осы қозғалтқыштардың лаस्ताушы заттар шығарындыларына қатысты қысыммен от алатын қозғалтқыштарға қатысы бар бірыңғай ұйғарымдар;

ҚР СТ МСТ Р 12.4.026-2002 Сигналдық түстер, қауіпсіздік белгілері және сигналды таңба. Жалпы техникалық шарттар және қолдану тәртібі;

ҚР СТ ДИН ЕН 14017-2008 Ауыл шаруашылығы машиналары. Шашқыштар. Қауіпсіздік талаптары;

ҚР СТ ЕН 632-2008 Ауыл шаруашылығы машиналары. Астық жинайтын комбайндар және егіс майдалағыштары. Қауіпсіздік талаптары;

МСТ 12.1.003-83 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Шу. Қауіпсіздіктің жалпы талаптары;

МСТ 12.1.005-88 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Жұмыс аймағының ауасына қойылатын жалпы санитарлық-гигиеналық талаптар.

МСТ 12.1.012-90 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Діріл қауіпсіздігі. Жалпы талаптар;

МСТ 12.1.014-84 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Жұмысшы аймақтың ауасы. Зиянды заттардың шоғырларын индикаторлық түтіктермен өлшеу әдісі;

МСТ 12.2.002-91 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Ауыл шаруашылығы техникасы. Қауіпсіздікті бағалау әдістері;

МСТ 12.2.002.1-91 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Дөңгелекті ауыл шаруашылығы және орман тракторлары. Қорғау конструкциясын динамикалық сынау әдісі;

МСТ 12.2.002.2-91 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Ауыл шаруашылығы және орман дөңгелекті тракторлары. Қорғау конструкциясын статикалық сынау әдісі;

МСТ 12.2.002.3-91 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Ауыл шаруашылығы және орман көлік құралдары. Тежеуіш сипаттамаларын анықтау;

МСТ 12.2.002.4-91 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы тракторлары мен машиналары. Оператордың жұмыс орнынан көрінуді анықтау әдісі;

МСТ 12.2.002.5-91 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы тракторлары мен машиналары. Жылдың суық мезгілінде оператордың жұмыс орнынан жылыту және микроклимат жүйелерінің сипаттамаларын анықтау әдісі;

МСТ 12.2.002.6-91 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы тракторлары мен машиналары. Кабиналардың саңылаусыздығын анықтау әдістері;

МСТ 12.2.019-2005 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы тракторлары мен машиналары. Қауіпсіздіктің жалпы талаптары;

МСТ 12.2.042-91 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Мал шаруашылығына және азық өндіруге арналған машиналар мен технологиялық жабдықтар. Қауіпсіздіктің жалпы талаптары;

МСТ 12.2.102-89 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Орман ағаштарын дайындайтын және ағаш ағызатын машиналар мен жабдықтар, орман өнеркәсібі тракторлары. Қауіпсіздік талаптары, қауіпсіздік талаптарын бақылау және еңбек қауіпсіздігін бағалау әдістері;

МСТ 12.2.111-85 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Ауыл шаруашылығының аспалы және тіркеме машиналары. Қауіпсіздіктің жалпы талаптары;

МСТ 12.2.120-2005 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Тракторлар мен өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы машиналарының кабиналары және операторлардың жұмыс орны. Қауіпсіздіктің жалпы талаптары;

МСТ 12.2.140-2005 Шағын тракторлар. Қауіпсіздіктің жалпы талаптары;

МСТ 12.4.095-80 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы машиналары. Діріл және шу сипаттамаларын анықтау әдістері (орыс);

МСТ 1114-84 Жер жырту культиваторлары. Типі және негізгі параметрлері;

МСТ 6939-85 Батпақты және бұталы-батпақты соқалар. Жалпы техникалық шарттар;

МСТ 7496-84 Қызылша жинау машиналары. Жалпы техникалық шарттар;

МСТ 8769-75 Автомобильдер, автобустар, троллейбустар, тракторлар, тіркемелер және жартылай тіркемелердің сыртқы жарық аспаптары. Саны, орналасуы, түстері, көру бұрыштары;

МСТ 9200-76 Автомобильдер мен тракторларға арналған жеті контактілі алмалы-салмалы қосылыстар;

МСТ 10000-75 Трактордың тіркемесі және жартылай тіркемесі. Жалпы техникалық талаптар;

МСТ 13758-89 Ауыл шаруашылығы машиналарының айқартопса біліктері. Техникалық шарттар;

МСТ 15594-80 Жақтық шынжыр табанды ауыспалы типтегі ағаш тиегіштер. Техникалық шарттар;

МСТ 19677-87 Ауыл шаруашылығы тракторлары. Жалпы техникалық шарттар;

МСТ 20062-96 Трактор орындығы. Жалпы техникалық шарттар;

МСТ 22895-77 Автокөлік құралдарының тежеу жүйелері мен тежеуіштік қасиеттері. Тиімділік нормативтері. Жалпы техникалық талаптар;

МСТ 23074-85 Сұйық органикалық тыңайтқыштар шашуға арналған машиналар. Жалпы техникалық шарттар;

МСТ 23734-98 Өнеркәсіптік тракторлар. Сынау әдістері;

МСТ 23941-2002 Машиналардың шуы. Шу сипаттамасын анықтау әдістері. Жалпы талаптар;

МСТ 23982-85 Қатты органикалық тыңайтқыштар шашуға арналған машиналар. Жалпы техникалық шарттар;

МСТ 25942-90 Тракторлар және ауыл шаруашылығы машиналары. Тез жалғанатын құрлығылар. Конструкциясына қойылатын талаптар;

МСТ 26025-83 Ауыл шаруашылығы және орман машиналары мен тракторлары. Конструктивтік параметрлерді өлшеу әдістері;

МСТ 26336-84 Тракторлар мен ауыл шаруашылығы машиналары, механикаландырылған көгалды және бақша құрылғылары. Басқару органдары мен ақпаратты бейнелеу құралдарын белгілеуге арналған символдар жүйесі. Символдар;

МСТ 26711-89 Трактордың тұқым сепкіштері. Жалпы техникалық талаптар;

МСТ 26738-91 Сыдыра қопсытқыштар. Жалпы техникалық талаптар;

МСТ 27258-87 Жер қазатын машиналар. Басқару органдарының жайлылық және қол жеткізу аймағы;

МСТ 27310-87 Картоп жинайтын комбайндар. Жалпы техникалық шарттар;

МСТ 28516-90 Топырақ өңдейтін фрезалар. Жалпы техникалық талаптар;

МСТ 28524-90 Ауыл шаруашылығы жұмыстарын шағын механикаландырудың ұтқыр құралдары. Бір ості шағын тракторлардың (мотоблоктардың) іріктеу және қуат қабылдау біліктері. Негізгі параметрлер мен өлшемдер;

МСТ 28708-2001 Ауыл шаруашылығы жұмыстарын шағын механикаландыру құралдары. Қауіпсіздік талаптары;

МСТ ЕН 1553-2008 Өздігінен жүретін, аспалы, жартылай аспалы, жартылай тіркемелі, тіркемелі ауыл шаруашылығы машиналары. Қауіпсіздіктің жалпы талаптары;

МСТ ЕН 690-2004 Ауыл шаруашылығы машиналары. Органикалық тыңайтқыш шашқыштар. Қауіпсіздік талаптары;

МСТ ЕН 704-2004 Ауыл шаруашылығы машиналары. Пресс жинағыштар. Қауіпсіздік талаптары;

МСТ ЕН 708-2003 Ауыл шаруашылығы машиналары. Механикаланған жұмыс органдары бар топырақ өңдеу машиналары. Қауіпсіздік талаптары;

МСТ ЕН 745-2004 Ауыл шаруашылығы машиналары. Косилка ротациялық шалғылар және роторлық майдалағыш шалғылар. Қауіпсіздік талаптары;

МСТ ИСО 4252-2005 Ауыл шаруашылығы тракторлары. Оператордың жұмыс орны, кіру және шығу. Өлшемдер;

МСТ ИСО 4253-2005 Ауыл шаруашылығы тракторлары. Оператор орындығының орналасуы. Өлшемдер;

МСТ ИСО 4254-1-2003 Ауыл шаруашылығы жұмыстары мен орман шаруашылығына арналған тракторлар және машиналар. Қауіпсіздікті қамтамасыз етудің техникалық құралдары. 1-бөлім. Негізгі ережелер;

МСТ ИСО 4254-2 Ауыл шаруашылығы жұмыстары мен орман шаруашылығына арналған тракторлар және машиналар. Қауіпсіздікті қамтамасыз етудің техникалық құралдары. 2-бөлім. Топыраққа сұйық аммиак шашуға арналған құрылғы;

МСТ ИСО 4254-3-2005 Ауыл шаруашылығы жұмыстары мен орман шаруашылығына арналған тракторлар және машиналар. Қауіпсіздікті қамтамасыз етудің техникалық құралдары. 3-бөлім. Тракторлар;

МСТ ИСО 4254-6-2005 Ауыл шаруашылығы жұмыстары мен орман шаруашылығына арналған тракторлар және машиналар. Қауіпсіздікті

камтамасыз етудің техникалық құралдары. 6-бөлім. Өсімдік қорғауға арналған жабдықтар;

МСТ ИСО 4254-7-2005 Ауыл шаруашылығы жұмыстары мен орман шаруашылығына арналған тракторлар және машиналар. Қауіпсіздікті камтамасыз етудің техникалық құралдары. 7-бөлім. Астық жинайтын, жем-шеп жинайтын және мақта жинайтын комбайндар;

МСТ ИСО 5353-2003. Жер қазатын машиналар, ауыл шаруашылығы жұмыстары мен орман шаруашылығына арналған тракторлар және машиналар. Орындықтың бақылау нүктесі;

МСТ ИСО 5691-2004 Отырғызу құрылғысы. Картоп отырғызуға арналған машиналар. Сынау әдістері;

БҰҰ ЕЭК № 71 ережелері. Жүргізушінің көру алаңына байланысты ауыл шаруашылығы тракторларын ресми бекітуге қатысты біркелкі ұйғарымдар.